

Мектептегі мерекелер:

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Ғалымқаралық
әйелдер күні

Құтты болсын!

наурыз

Ақтөбе қаласы №2 А.С. Пушкин атындағы қалалық кітапханада «Шежірелі өлке» жоба аясында Ырғыз аудандық орталықтандырылған кітапханасымен бірлесе отырып, «Ырғыз туралы толғау» атты өлкетанушы, ақын Серғали Қоблашовпен өткен сыр-сұхбат



Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Ш. Майканова. Аққудың қанатына жазылған жыр	3
Ү. Ерғалиева. Өр мінезді өлеңдер өрнектеген кемеңгер....	8
Н. Алжанқызы. Сырлы, сұлу сөздері.....	11
Б. Елубаева. Қазақ халқының өміріндегі тыйым сөздердің орны	15
М. Амирова, А. Аманова. Ерлікке тағзым – ұрпаққа үлгі	19
А. Айбекова. Ерлікке тағзым.....	22
А. Жазықбаева. Қызылқоға – құт мекені	25
Н. Омаров. Жас математиктер	30
А. Тулепбергенова. Полиглот сайысы.....	32
Г. Бакирова. Денсаулық – елдің байлығы	34
Е. Серікбайұлы. Кітаппен басталып, жырмен жалғасқан өмір	38
М. Даулетказина. Ауған жаңғырығы – ұрпаққа сабақ.....	41
Ж. Нурымгереева. Ырғыз туралы толғау	42
А. Кеншинбаева. Muqāḡali. Live.....	44

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, № 10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
9.03. 2026 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 303 37 67.

Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru
Сайт: www.pedagog-ltd

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 мектеп-гимназия
директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі
орынбасары.
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – эл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің
қауымдастырылған
профессоры, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Аққудың қанатына жазылған жыр

Мақсаты: Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасай отырып, жырларының мәнін ұғындыру, поэзияны сүйеге баулу, өз ұлтын, елін, жерін қадірлей білуге, мейірімділік, адамгершілікке тәрбиелеу.

Барысы:

(Ортада үстел, үстел басында жазу жазып отырған Мұқағали. Орнынан тұрады, залға қаран):

«Поэзия махаббаттан басталып, парасатпен аяқталуға тиісті. Дүниеге жана келгендеймін. Ой-санам, жүріс-тұрыс, мінезімде сұмдық өзгеріс бар. Сәл кештеу оянған жоқ па? Әлде дер шағы ма екен?!

Сұрақ қоюшы: Туған жерің?

Мұқағали: Ұланымын Қарасаз деп аталатын ауылдың.

Сұрақ қоюшы: Туған жылың?

Мұқағали: 1931. Құрдасымын Шәмілдің.

Сұрақ қоюшы: Жынысың?

Мұқағали: Еркекпін ғой, еркекпін, және тағы тәуірмін.

Сұрақ қоюшы: Партияда барсың ба?

Мұқағали: Жоқпын. Бірақ коммунистік көзқараспен қараймын.

Сұрақ қоюшы: Шыққан тегің?

Мұқағали: Шаруамын. Бар тірліктен бағалы оны санаймын.

Сұрақ қоюшы: Білімің ше?

Мұқағали: Орташа ғой. Алайда өзім жоғарыға балаймын.

Сұрақ қоюшы: Ана тілің?

Мұқағали: Қазақша. Қысылғанда

орысша да, немісше де тағы бар.

Сұрақ қоюшы: Қайда істедің?

Мұқағали: Мынау «Еңбек кітапшамнан» тауып ал. Оқымаған, дипломсыз демесең, бір басымнан бар мамандық табылар.

Сұрақ қоюшы: Міндеттісің бе әскерге?

Мұқағали: Міндеттімін. Біздің әлі жас кеуде.

Жауынгердің ұлымын, жанын қиған Мәскеуге.

Сұрақ қоюшы: Сөгіс алып көрдің бе?

Мұқағали: Ол жағынан періште едім дей алмаймын мен мүлде.

Ойлы-қырлы бұл өмірде болады ғой мүлт кету.

Ол өзі бір еншісі ғой ездің әрі ердің де...

Сұрақ қоюшы: Шетелдерде болдың ба?

Мұқағали: Болғаным жоқ.

Олар маған тұрған да жоқ қол бұлап.

Қалсам болды, өлсем болды жәйіммен

Осы отырған орнымда-ақ.

Сұрақ қоюшы: Мекен жайың?

Мұқағали: Мекен-жайым – жер менің.

Жерде жүрген ақын деген пендемін.

Қалам, қағаз, уақыт бер тек аздаған.

Мен өмірді жырлау үшін келгенмін.

- Айтпақшы, бүгін менің туған күнім емес пе? Иә, иә, бүгін – 9 ақпан,

менің туған күнім. Бар саналы ғұмырымды өлең мен жырға, поэзияға арнадым. Өмірді, махаббатты жырладым. Кім біліпті, енді қанша өмір сүретінімді? Келер ұрпақ, жастар менің жырларымды, өлеңдерімді оқыр ма екен? Әлде том-том кітабымыз шаң басқан архивтерде жатады ма екен? Келер ұрпақ, қане не айтасың, бар ма берер жауабың?

Дауыс: Ақын аға, қамықпа, келер ұрпақ жырларыңды жатқа айтып жүр, жүрегіңнің түбінен тебірене шыққан өлеңдерің ән болып қалықтап жүр. Біз сені ұмытпаймыз, сенің жырларың мәңгілік!

1-жүргізуші:

Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы.

2-жүргізуші:

«Әрбір әрпі қанға шомған тарихыңа
қарандар,

Отырардай опат болған қала жоқ па,
жарандар?

Тату-тәтті бармысындар, армысындар,
Адамдар! - деп Мұқағалидың сәлемдесу салтымен амандасамыз. Қош келіпсіздер, өлең сүйер, өнер сүйер қауым!

1-жүргізуші:

Қуат алып Абайдың тіл – күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.
Абай болып табынсам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден, -
деп жырлап өткен, қазақтың қара өлеңін
кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап
шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың
махаббатына бөленген ақын Мұқағали
Мақатаев тірі болса келер жылы 95 жасқа толар еді.

2-жүргізуші: Ақиық ақын 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысы Нарынқол ауданында дүниеге келген. Әкесі Сүлеймен қарапайым шаруа адам болыпты, Ұлы Отан соғысы жылдары елі үшін мерт болған екен. Ақынды әжесі Тиын бағыпты, сондықтан анасы Нағиманды ақын Нақа деп атаған екен. Тума дарын Мұқағалидың өмір мектебі Қарасазда басталып, өзі сүйген Алматысында аяқталған еді. «Мені сөзге, жырға үйір еткен, халық сүюге тәрбиелеген әжем», - дейді ақын өз әжесі туралы естелік кітабында.

1-жүргізуші: Мұқағали кім? Ол артына қандай із қалдырды деген сұраққа біз былай деп жауап берер едік: Мұқағали Мақатаев – ақын, драматург, сатирик, публицист, жазушы, ұстаз, журналист. Халқының салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігін, қазақы ауыл тірлігін сезімталдықпен жырлаған ақынның бірі.

2-жүргізуші: Жыл керуені алға жылжыған сайын Мұқағали Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырай, өркендей түсіп, айшықтала түсуде. Ол өмірде көп қиыншылық көрді, жалғыздықтан жапа шекті, төңірегіндегілердің түсінбеушілігінен қажыды, өмірінің рахаты аз болды. Бірақ шындап ұққан адамға – Мұқағали өмірдің шын рахатын мейлінше сезініп кеткен аса бақытты адам. Өйткені ол бізге көрінбейтін сиқыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дыбыстардан тоят ала білген жұмбақ ақын.

1-жүргізуші: Мына отырған көрермен, жас ұрпақ, жаңа буын Мұқағали

туралы не біледі екен? Оның таң атырып жазған жырларын жаттайды ма? Олар ақын мұрасының мөлдір тұнығынан қанып ішеді ме екен?

2-жүргізуші: Ендеше сөз кезегін жас оқырмандарға берейік.

1-оқушы:

Туған халқым!

Қатемді кешір менің!

Сенің арқан сескенбей есіргенім.

Егер де жырың болмай, ұрың болсам.

Алақанға саласың несін мені?

Жоқ, менің жүрек емес төсімдегі,

Ол бір от сенің ұлы көшіндегі.

Аманат бір өзіңе жырым – сырым.

Аманат Асан жүрек жырым – жырым, - деген екен ақын.

Мен Мұқағалиды туған елі мен жерін, халқын өле-өлгенше сүйіп өткен ақын ретінде танымын. Ақын өз есте-лігінде: «Халқымды сүйемін деп айқайлама, оны жырла», - дейді. Өзі де жері мен халқына деген алып махаббатын шағын өлеңдерінің шумағына сыйғызып кетіп еді. Туған халқы да ақынның еңбегін бағалап, оны «Ғасыр ақыны» деп таныды. Осыған дәлел болар өлең шумақтарын назарларыңызға ұсынамыз.

2-оқушы: Мен сіздерге ақын ағамыздың «Отан» деген өлеңін оқып берейін. Бұл өлеңнен ақынның Отаны мен туған жеріне деген шексіз махаббаты сезіледі.

«Отан» өлеңі оқылады.

3-оқушы: Назарларыңызға «Қазақ жері» өлеңін ұсынамын. Бұл өлеңінде ақиық ақын шексіз, шетсіз қазақ жерін үлкен мақтанышпен жырлаған.

«Қазақ жері» өлеңі оқылады.

4-оқушы: Менің оқитын өлеңім Фи-

бадат оқыған өлеңнің жалғасы сияқты. Ақын шабытының арқауы болған туған даласы оның мәңгілік тақырыбы ма деймін?

«Ах, далам» өлеңі оқылады.

5-оқушы: Алматы сияқты үлкен қалада жүрген ақын аға ауасы таза, шөбі шүйгін, үйрек – қазы шулаған ауылды үнемі сағынып жүрген. Түлеп ұшқан ұясы – туған ауылына деген өлеңдерін оқымай кету әбестік болар. Ұлан-ғайыр алып даланың бір кішкентай бөлшегі – туған жеріне деген сағыныш сазы есетін қос өлеңін құрбым екеуіміз оқиық.

«Сағындым», «Қазақ жері» өлеңдері оқылады.

6-оқушы: «Үш бақытым» өлеңі – ақынның ең көп оқылатын өлеңінің бірі. Ол тегін де емес, өйткені мұнда ақын **Халық, Отан, Тіл** деген үш бақытын мақтан етеді. Біреуге байлық пен ақша бақыт болса, Мұқағали үшін бақыт – халқының, Отанының, тілінің амандығы.

«Үш бақытым» өлеңі оқылады.

2-жүргізуші: Дәулет, жарыса жыр оқыған мына құрбыларыма қарап мен ойланып қалдым. Расында да Мұқағали жырларының тұнық бастауы, шынар биігі – туған жер, Отан тақырыбы ма деймін. Сенесің бе, менің көзіме бозқарағаны мен жусанының, шұбаты мен қымызының иісі бұрқыраған сары жайлау елестеп кетті.

1-жүргізуші: Ендеше «Сарыжайлау» әніне кезек берейік.

«Сарыжайлау» әні орындалады.

7-оқушы:

О, махаббат!

Сен әлі тірі ме едің?

Тірі ме едің?

Мен де енді тірілемін.

Ақ періште, алдында жүгінемін

Қолдай гөр, ғашықтардың пірі мені!
- дегендей, мен Мұқағалиды махаббат пен тазалықтың, пәктіктің жыршысы деп білемін. Айтындаршы, бойжеткен мен бозбаланың арасындағы сырлы сезімді, ғашық болған адамның жүрек бұлқынысын, сүйген сұлуының сүйкімді сымбатын Мұқағалидан артық жырлаған кім бар? Ендеше Мұқағалидың махаббат жырларына кезек берейік.

«Махаббат диалогы» өлеңі оқылады.

8-оқушы: Ғашық болу — ұлы сезім. Ұлы сезімнен туған мына тамаша өлеңді оқып бергім келеді.

«Ғашықпын, шын ғашықпын сол адамға» өлеңі оқылады.

«Мен сені ұнатамын» өлеңі оқылады.

9-оқушы: Махаббат — ақын поэзиясының бастауы, мөлдір бұлағы болды. Ол махаббаттың мәңгілік болуын қалады. Осындай кіршіксіз сезімнің куәсі болар «Сен әлі тірі ме едің» өлеңін ұсынамын.

«Сен әлі тірі ме едің» өлеңі оқылады.

10-оқушы: Көктемнің тамылжыған осы күнінде пәктік, тазалық, ақ махаббат туралы ақынның қанша өлеңін оқысақ та көп болмайтын шығар. Шалқар шабыттан туған мына өлеңге де көңіл бөлсеңіздер.

«Бақыт іздеп несіне шаршағанмын» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші: Ақынның ғұмырлы поэзиясы бүгінде әнге айналып, көкте қалықтайды. Мұқағалидың сөзіне жазылған әндер бүгінгі таңда барша жұрттың жүрегінен берік орын алып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін айнамас жан серігіне айналды.

2-жүргізуші:

Ән сал жаным, әніңмен тербет мені,
Бір сәтке тынсын тірлік жер көктегі.
Дала ұйысын, дамылдап таулар жатсын.

Таулар жатсын мәңгілік жөргектегі,
- дей келе талай композитордың шабытына арқау болған Мұқағали әндеріне кезек берейік.

Әндер орындалады:

«Сенің көзің түпсіз терең тұңғиықтан жаралған», «Сен көріктісің», «Шашыңнан иіскейін».

3-оқушы: Менің тума ақын туралы айтарым мынау — Мұқағали — поэзия әлемін бар жан-тәнімен түсінген, өлең күдіретіне табынған адам. Мұқағали сияқты ақындар 100 жылда, тіпті 1000 мың жылда 1-ақ рет туады. Қазақ халқының көрнекті ақыны Әбділда Тәжібаев «Ғажайып даналықтың бір көзі — Мұқағали поэзиясы. Бізде енді поэзия дәуірі басталады» деген екен. Мұқағали — өзінің көзінің тірісінде-ақ айналасындағылардың бәрін өз талантына, ақындық күдіретіне табындырып кеткен адам. Поэзия әлемін Мұқағалидай түсінген адам әлі туған жоқ шығар.

«Поэзия, менімен егіз бе едің?»

«Қара өлең», «Музаға», «Шалқы, менің шұғылам» өлеңдері оқылады.

«Бақытыңды жырлайды» әні орындалады.

1-жүргізуші:

Батар күн. Келер күн.

Атар таң. Шығар күн.

Бәріңе, бәріңе құмармын,

Осы мен мәңгілік тұрармын.

Осы мен сірә да өлмейтін шығармын.

Өмірім сірә да әріден басталған,

Әріден басталып, мәңгіге тасталған.

Осы мен, өшпейтін, өлмейтін шығармын,

Сәл ғана мызғып ап қайтадан тұрармын.

2-жүргізуші: 1976 жылы 27 наурызда «қалғып кеткен» сәтінен бастап сәл мызғыды да, мәңгілік жана өмірі басталды. Жаңбырдан кейінгі қыр гүліндей боп ақын туралы өлеңдер, естеліктер, жүрекжарды лебіздер, зерттеулер, мақалалар жазылды. Халық жүрегінен терең орын алып, өлеңдері әнге айналды. Мұқағали шығармаларына ән жазбаған композитор кем де кем шығар. Қайта тұрды деген осы емес пе?

1-жүргізуші: Тағы бір айтарымыз — Мұқағали тек ақын ғана емес, прозаға да қалам сілтеген талант иесі. Ақын «Дарифа — жүрек», «Өмір — дастан», «Өмір - өзен» жыр жинақтарына сапар шеккен кезінде қасиетті қара сөздің ауылына түстене кеткен секілді.

2-жүргізуші: Мұқағали Мақатаевтың 1988 жылы жарық көрген «Қош, махаббат» жинағына «Құлпытас», «Марусяның тауы», «Өзгермепті», «Әже» әңгімелері, «Қос қарлығаш», «Жыл құстары» повестері, «Қош, махаббат» пьесасы мен мақалалары кірген екен.

1-жүргізуші: Тәрбие сағатмыздың соңын ақынның ел аузында жүрген афоризмдерімен аяқтасақ деймін.

Афоризмдер:

- 1) Рахатқа бола бес күнгі, Ренжіте көрме ешкімді.
- 2) Өмірді қалай сыйласаң, Өлімді солай жат көрме.
- 3) Достық деген өмірдің көрігі екен, Достық деген ақылдың серігі екен.
- 4) Жамандарды іздеме, өзі табар, Жақсыларды табуың қиын екен.
- 5) Ең бірінші бақытым — халқым

менің

Соған берем ойымның алтын кенін.

6) Ал екінші бақытым — тілім менің Тас жүректі тіліммен тілімдедім.

7) Бақытым бар үшінші — Отан деген

Құдай деген кім десе, Отан дер ем.

8) Арманда, балам, арманда, Армансыз жүрген жандарға Алданба балам, алданба.

9) Айың анау, күнің мынау, жер міне,

Ау, адамдар, жетпей жатыр енді не? Табиғатқа таласпаңдар ағайын Асырайды ол сені, мені, елді де!

10) Тоқта ботам, атаң келеді, артыңда,

Дария шалқар даналығын ал, тыңда. Сенің сәби сәттеріңнің мысқалын, Айырбастап ала алмай жүр алтынға. Тоқта ботам, атаң келеді, артыңда.

11) Атамнан қалған мұра — ізеттілік, Арымды соған қойғам күзеттіріп.

12) Тіршілікте көрінеміз өлместей, Тұра алмаймыз ерегіспей, белдеспей.

Өтейікші бірімізді-біріміз.

Өшіктірмей, өкпелетпей, сен деспей.

13) Ақынмын деп қалай мен айта аламын?

Халқымның өз айтқанын қайталадым.

Күпі киген қазақтың қара өлеңін, Шекпен жауып өзіне қайтарамын.

14) Өлсе, өлер Мұқағали Мақатаев, Өлтіре алмас, алайда, өлеңді ешкім. Қорытындылау.

Ш. МАЙКАНОВА,
Қазақ Гуманитарлық заң
университеті Гуманитарлық-заң
колледжі оқытушысы.
Астана қаласы

Өр мінезді өлеңдер өрнектеген кемеңгер

Мақсаты:

- оқушылардың қазақ ақыны, біртуар тұлғасының бірі – Мұқағали Мақатаевтың бай шығармашылық дүниесімен таныстырып, жас буынды поэзия нәрімен сусындату.

Мұқағали өлеңі арқылы қазақ ауыз әдебиетіндегі қиял-ғажайып ертегілердің, қазіргі таңда шындықпен байланысын көрсету;

- оқушының сөйлеу тілін дамыту, өз ойын еркін, жатық жеткізе білуге, одан әрі дағдыландыру, ізденушілік қабілетін дамыту. Ғылыми ізденіске жол ашу, шығармашылық жұмыстар жасай білуге үйрету;

- оқушыларды поэзияны сүйе отырып, өз халқының әдебиетіндегі бай мұрасын құрметтеуге, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ақынның портреті, кітаптар көрмесі, ақын-жазушылардың естеліктер, интерактивті такта, өлеңдері.

Барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу.

II. Үнтаспадан М. Мақатаевтың «Күрең күз» әні ойналып тұрады.

Мұғалімнің кіріспе сөзі.

*Ойлы жас! Өлең менің сырласымдай,
Сырлассам да, құмарым тұр басылмай.*

Айтып өткен ақында арман бар ма?

Жүрегінің түбіне кір жасырмай, - деп ақын өзі айтқандай, ол артына көптеген

отты жырлар мен мұнды өлеңдер қалдырды.

Жыл керуені алға жылжыған сайын Мұқағали Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырай, өркендей өсіп, айшықтала түсуде. Мұқағали – ғажайып, ақиық, сыршыл, гуманист ақын.

Отан!

Отан!

Бәрінен биік екен,

Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

Отанды сүймеуің де күйік екен,

Отанды сүйгенің де күйік екен...

- деп жырлаған елін сүйген, халқын сүйген кемеңгер ақын.

III. Топтарға бөліну.

1-топ: ақын өмірі, туған жері жайлы мағлұматтар;

2-топ: шығармашылығы;

3-топ: поэмалары туралы.

IV. Өлеңдері.

V. Әндері.

VI. Ақын туралы ой пікірлер

- Ал, қане зерттеушілер, қандай зерттеулер жасап келдік?

(Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев 1931 жылы Алматы облысы Нарынқол ауданына қарасты Қарасаз аулында дүниеге келген)

- Туған жері жайлы әңгімелері, өлеңдері бар ма?

1-оқушы:

Қарасаз, кіндік қаным саған тамған,

Жолдасым бірге келген сенде қалған.

Шыбықтан ат қып мініп, балық аулап,

Өзен мен орманында асыр салғам.

Әне тұр менің туған жаман тамым,

Сол тамда көргем тұңғыш өмір шамын.

Есігін өмірімнің сонда ашып,

Іңгалап мен де өмірге ұмтылғанмын.

Жиегінде өзеннің ол тұрады,

Қарасам, көзді жасқа толтырады.

Қымбат маған көзімнің қарасындай,

Ол тамның әрбір түйір топырағы.

Ұшырған ұясынан Қарасазым...

1. Ақиық ақын 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысы, Нарынқол ауданында, Қарасаз ауылында өмірге келген. Орта мектепті аяқтаған соң комсомол қызметінде, 1954-1962 жылдар аралығында қазақ радиосында диктор, 1962-1972 жылдарда «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз» журналдарында, 1972-1973 жылдары Қазақстан Жазушылар Одағында әдеби кеңесші қызметтерін атқарды. Ол Абайдың, Пушкиннің шығармаларын сүйіп оқыды. Тұңғыш өлеңі 1948 жылы Нарынқол ауданында «Советтік шекара» газетінде басылды. Әкесі Сүлеймен 1941 жылы майданға аттанып, содан оралмады.

Мұқағали отбасының тұңғышы болғандықтан әжесі Тиынның қолында өседі. Оның шығармалары туған халқына деген сүйіспеншілікке толы. Мұқағалидың көптеген өлеңдеріне ән шығарылды. Ақиық ақын 1976 жылы 27 наурызда қайтыс болды.

2. Мұқағали қарапайым ақын емес, қияннан сөз тауып, қиыннан қиыстырған қыран еді. Қатарынан оза шапқан тұлпар еді. Отты жүрек, орамды тілмен поэзия қатынасына үлесін қосқан талантты азамат еді.

II топқа берілген тапсырма – Шығармашылығы туралы айту.

Әңгімелері –

Повестері –

Аудармалары –

Пьесалары –

3. Мұқағали аға – өмірінің соңына дейін қолынан жүйрік қаламы түспеген, қазақтың қара өлеңінің құдіретіне, терең сырына қаныққан ақын. Сөз құдіретінің мән-мағынасын терең біліп, сөз маржанын бейнелі өрнекпен кестелейтін Мұқағалидай ақын кемдекем.

III топқа берілген тапсырма – Поэмалары туралы.

4. Поэзия жайлы сөз қозғау оңай емес. Таланттардың бірі, поэзия элементінің асқар шыңы – Мұқағали Мақатаев.

Ол кісі жыр еліне ауыз әдебиетінің мөлдірінен сусындап, ұлы Абайдың тереңіне бойлап, өзіне дейінгі ақындарды пір тұтып, орыс пен Еуропа, шығыс әдебиеттерінен тәлім алып келген ақын. Мұқағали Мақатаев өзінің естелігінде былай дап жазыпты: «Егер бір кездері менің өмірім, шығармашылығым әлдекімнің көңілін аударса, оларға былай дер едім дейді: Менің қымбатты достарым! Егер сіздер шынымен де өмірбаянымды, шығармашылығымды зерттемек болсаңдар, не жазғаным болса, соның бәрін түгел

оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Менің өлеңім біріктіріп қарағанда поэма іспетті, басы және аяғы бар. Ол кейде күлімдеген, кейде түңілмеген жанымның құдды дауасындай. Жанымның мұңы мен қуанышы, бәрі осында», - деген екен. Міне ақынның өлеңдерін оқығанда онымен бірігіп кететініміз сондықтан.

- Ендеше ақын өлеңдерін тыңдап көрелік.

Таспадан ақын өлеңдерін мәнерлеп оқуды тыңдау.

Оқушылардың өлең оқуы.

5. Нұрғиса Тілендиев былай деп еске алады: «Ілгері бір жылдары Мұқағали екеуіміз ақынның туған жерінде жайлауда болғанымыз бар. Сол жылы өзі білетін жер-су аттарын айтып, туған жерін, ағайын-туыстарын таныстырды. Аз күн болса да жақсы демалып қайттық. Сол жолы бір малшы ағасы тамақ үстінде бізге әзіл тастап еді:

- Екі бірдей тамаша талант иесі жайлау төрінде отыр. Бірі – атақты композитор, бірі – мықты ақын. Неге мына жасыл жайлау туралы ән шығармасқа. Нағыз саржайлау дегеніміз мына Шалкөденің кең төсі емес пе? - деп қалған.

Сол сөз менің көкейімде көптен жүретін.

Мұқағали жанымда болған айға жуық уақыттың сәтті бір күнінде өмірге ән келді. Ал ақын інім лезде оның сөзін егілдіріп, төгілдіріп, құлпыртып тудыра салды. Сөйтіп «Саржайлау» әні шықты.

«Саржайлау» әні орындалады.

- Қазіргі таңда белгілі әншілеріміз Мұқағалидың сөзіне жазылған ән-

дерді шырқап жүр. Солардың біреуін тыңдалық.

Роза Рымбаеваның орындауындағы «Наурыз» әнін тыңдалық.

Үш топ әндерін айту.

6. «Мұқағали – жалғандықты, мүләйім жағымпаздықты, әдебиеттегі саудагерлікті, жалақорлықты, бәлекорлықты жан-тәнімен жек көрген ақын». Шерхан Мұртаза.

7. Оқушылардан ақын туралы жазылған ой-пікірлерді тыңдау.

8. Туған халқына деген жүрегінің ақтығы, таза көңілі, зор сенімі оның әр шығармасынан аңғарылады. «Ең бірінші бақытым – халқым менің», - деп өзі жырлағандай, жанының «алтын кенін» кеудесіндегі қазына көмбесін елі мен жұртына арнаған.

Мұқағалиды ақын еткен де, мәртебесін биіктеткен де, ақындық ғарышқа самғатқан да қазақтың кара өлеңі. Ақын осы кара өлеңді бағалайды, бас иеді, тағзым жасайды.

Ақынмын деп мен қалай айта аламын,

Халқымның өзі айтқанын қайталадым.

Күпі киген қазақтың кара өлеңін,
Шекпен жауып өзіне қайтарамын.

Саф алмастай поэзиясын бір елдің мұрасындай қалдыра білген ақынның өлеңдері өзі айтқандай талай ғасырларға жетеді.

**Үміт Ильяскызы ЕРҒАЛИЕВА,
№43 жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**

**Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы**

Сырлы, сұлу сөздері

Халық ақыны, жыршы, жырау Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай.

Мақсаты: Жүз жасаған жырау Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығын баяндап, әдебиет, өнер білімге машыққан жастарға рухани құндылықтарды насихаттау.

Көрнекілік: «Жамбыл жыры – халық үні» кітап көрмесі. «Жүз жасаған Жамбыл Жабаев» бейне материал.

Шараның жүргізілу барысы

Жүргізуші: Қайырлы күн құрметті қонақтар, студенттер және кітапхана оқырмандары! Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінің және №3 қалалық кітапханасының бірлесіп өткізгелі тұрған халық поэзиясы мен жазба әдебиетіміздің арасындағы алтын көпір сынды жүз жасаған жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына арналған «Сырлы, сұлу сөздері» атты ақпарат сағатына қош келдіңіздер.

Бүгінгі шараның құрметті қонағымен таныс болыңыздар. Жұбатова Жарқынай Тажаякқызы – Қазақстан Республикасының Жазушылар одағының мүшесі, ақын, Ақтөбе қаласының №40 ЖОББМ-нің мұғалімі. Алдын-ала уақытыңызды бөліп келгеніңіз үшін алғысымызды білдіреміз.

Ақпарат сағатында жыраудың өмірі



мен шығармашылығы туралы баяндамақшымыз. Аса ұзақ жасаған жыраудың өмірін бір сағатта толық баяндап беру мүмкін емес, дегенмен әдебиет, өнер білімге машыққан жастарға пайдасы тиер деген мақсатта өткізгелі тұрмыз.

Жамбыл Жабаев 1846 жылы ақпанда дүниеге келген. Туған жері – Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегі. Топырақ бұйырған жері – қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жам-

был ауылы. Шыққан тегі – Ұлы жүз Шапырашты руының ішіндегі Екей елі. Әкесі – Жапа (Жабай батыр), анасы – Ұлдан. Жамбыл атамыздың есімін, Жамбыл тауына сәйкес атап кетеді.

Жүргізуші: Жамбыл Жабаевтың өмір деректері мен шығармашылығы туралы ақпаратты келесі бейне материалдан көре аласыздар. Ендеше, назарларыңыз экранда болсын.

Ж. Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы бейне материал көрсетіледі.

Жүргізуші: Жамбыл атамыздың өмір жолы туралы бейне материалдан біраз ақпарат алдық деп ойлаймын. Жалпы



Жамбыл атамызға ақын атағы оңай беріле қоймаған. Сол заманда ақын атағы айтыста ғана шығатын болған. Яғни, айтыста шаршы топтың алдында белгілі бір ақынды жеңбей тұрып ешкім ақын деп танылмаған. Жамбылдың атағы да көп ақындармен айтысып жеңгеннен кейін әйгілі болады.

Қалай ойлайсыздар, қазіргі кезде ақын болу оңай ма? Кез келген адам ақын бола алады ма? Осы сұрақтар тұрғысында құрметті қонағымыздың пікірін сұрасақ. Ендеше, сөз кезегі Қазақстан Республикасының Жазушылар одағының мүшесі, ақын Жарқынай Тажаяққызына беріледі.

Жүргізуші: Жарқынай Тажаяққызына алғыс білдіреміз.

Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы импровизациялық өнер құдіретінің көрінісі. Оның шарықтау шегі 90 жастан асқан шағына тура келеді. 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақстанның онкүндігінде шара шымылды-



ғын жыр дүлділі Жамбыл ашты. 360 өнерпаз барған бұл мәдениет күндерінде суырып салма ақынның абыройы асқақтады. Жамбыл сол жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1936 жылдан бастап Жамбылдың аты орыс тілі арқылы шетелге де тарала бастады. Ақынның шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып, бүкіл әлемге тарайды.

Ендігі кезекте, екі ғасырдың куәсі, жыршы-жырау, халық ақыны, ірі айтыскер ақын, «Халық поэзиясының алыбы», «XX ғасырдың Гомері» Жамбыл Жабаевтың өмір жолы мен шығармашылығы баспа бетіне түскен әдеби мұраларына шолу жасайық. Сөз кезегі №3 қалалық кітапхана қызметкері Канибуллаева Үзім ханымға беріледі.

«Жамбыл жыры – халық үні» кітап көрмесіне библиографиялық шолу.

Жүргізуші: Таныстырылып кеткен барлық әдебиеттерді №3 қалалық кітапхана қорынан таба аласыздар.

Халық поэзиясының алыбы Жам-

был атамыз медресе, мектептің есігін ашып, қолына қалам ұстап, жазу сұзуды білмесе де, жастайынан домбыра тартып, жыр жаттады, қазақ халқының сөз өнерін үйренді, кейін ақындығымен елге әйгілі жыршы атанды. Ол «Көрұғлы», «Мұңлық-Зарлық», «Шаһнама», «Қыз Жібек» сияқты үлкен дастандарды бірнеше апта бойы жырлаған. Ақынның соғыс жылдары Отан қорғау тақырыбына арнап жазған өлеңдері үш мың жолға жетеді, әсіресе «Ленинградтық өренім», «Мәскеуге», «Майданға хат» сынды өлеңдері патриоттық рухқа жетеледі.

Ендеше, ақынның өлеңдеріне шолу жасап, бірге тыңдайық. Ортаға Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінің студенттерін шақырамыз.

Ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқу.

1. «Бак, Дәулет, Ақыл»
2. «Менің өмірім»
3. «Қайта келген жастық»
4. «Кәмшат қыз»
5. «Жамбылдың халық үшін қалған жасы»



6. «Халық менің шын атым»

Жүргізуші: Өнерлі студенттерімізге алғыс білдіреміз.

Қазақ поэзиясының әйгілі тұлғасы Жамбыл Жабаев 1945 жылы 22 маусымда Алматы облысының Ұзынағаш елді мекенінде 99 жасында дүниеден өтті. Қазақстанның барлық қаласында және ТМД елдерінде ақынның құрметіне көшелерге, бекеттерге оның есімі беріліп, мүсіндер мен ескерткіштер орнатылды. Жамбылдың туған ауылында 1938 жылы оның музей үйі ашылды. Ақынның 75 жылдық мерейтойына орай үкімет 12 бөлмелі үй сыйлайды және М1, МК маркалы Горький зауытынан шыққан автакөлікті сыйға тартады.

Жүргізуші: Кітапхана ұжымы Жамбыл атаның туған ауылында орналасқан Ж. Жабаев атындағы әдеби-мемориалдық музейіне байланысқа шығып, кітапхана оқырмандарына, жалпы Ақтөбе өңірінің тұрғындарына музейдің тарихымен, ішкі көрінісімен, ақынның құнды заттарымен таныстырып, онлайн экскурсия жасауды сұраған болатын. Ендеше, барлығымыз Ж. Жабаев атындағы әдеби-мемориалдық музейіне онлайн экскурсия жасайық.

Ж. Жабаев атындағы әдеби-мемориалдық музейіне онлайн экскурсия (видео материал қосу) Музейді таныстырған: Козбагарова Назира, ғылыми қызметкер.

Ж. Жабаевтың автокөлігіне бейне-шолу. (Бейнематериал қосу)

Жамбыл Жабаев кесенесі (бейнематериал қосу) Экскурсия жүргізген музей директоры, Жамбыл атаның туған

немересі Джамбулова Салтанат Тезекбаевна.

Жүргізуші: Бүгінгі ақпарат сағатында кара өлеңнің алыбы, даланың дархан данасы Жамбыл атаны еске алып қана қоймай, ақынның үміт күткен ұрпақтары ақын шығармаларынан сыр шерткен күн болмақ. Ортаға Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінің студенті Сейликанова Гаухарды шақырамыз. **Қазанғаптың «Құс қайтару» күйін** орындайды. Қошеметтеріңіз болсын.

Жүргізуші:

Сиынып аруағына бабамыздың,
Киесін ұққандаймын даламыздың.

Жырлары – шежіресі еліміздің,

Сырлары – сағынышы санамыздың,
- дей келе ұлан-байтақ қазақ жерінің бір бөлшегінде бәріміз бас қосуға себеп болған Жамбыл атамның рухына бас иіп, алғыс айтайық. Ұлы адамдар, ұлы ақындар өз ұлтының арнасына сыймайды, тек интернационалдық арнаға ғана сыяды. Олардың өзі өлгенімен, даңқы өлмейді, қайта өрши береді. Біздің Жамбыл атамның дәл сондай ақын.

- Осымен, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына арналған «Сырлы, сұлу сөздері» атты ақпарат сағатын аяқтауға рұқсат етіңіздер. Барша көрермендерге алғыс білдіреміз.

Назерке АЛЖАНҚЫЗЫ,

«Ақтөбе қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ-не қарасты №3 қалалық кітапхана меңгерушісі.

Ақтөбе қаласы

Қазақ халқының өміріндегі тыйым сөздердің орны

Мақсаты: білім алушыларды қазақ халқының салт-дәстүрлеріндегі тыйым сөздерімен танысу, оларды өмірде қолдана білуге баулу.

Ұлттық дәстүрді сақтау, оны құрметтеу, ұрпақтың есіне салу.

Мұғалім сөзі:

Қазақ халқының көптеген тыйым сөздерінің тәрбиелік мәні ұмытылып барады. Сондықтан бүгінгі сынып сағатымыз қазақ халқының тыйым сөздеріне арналады. Қазір мен сіздерге тыйым сөздерінің мағынасын ашып беремін.

Табу – ағылшын сөзі, бұл сөздің полинезия тайпаларының тілінде «тыйым сөздер» деген ұғымды білдіреді. Тайпа абыздары мен көсемдерінің заңын бұзу, салтын бұзу – Құдайдың қаһарына ұшыраумен бірдей болған. Тайпа заңы бұзылса, тайпа мүшелерінің біреуі абыз бен көсемге қарсы дау айтса, бұл – күнә деп саналған.

Баяғы заманнан бізге жеткен мынандай бір аңыз бар, мысалы: «Баяғыда бір келіншек шелегін алып, суға барса, өзеннің ар жағында бір қойды қасқыр жеп жатса керек. Әлгі келіншек қойды қасқырдан құтқарып, бауыздайды да, ауылға келіп, былай деп хабарлаған екен: «Сылдыраманың әр жағында, сарқыраманың бер жағында, маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен, жаныманы білемеге білеп-білеп жіберіп, бауыздап тастадым!» - деген екен.

Осы сөйлемдегі келіншектің меңзеп отырғаны – сылдырама – қамыс, сарқырама – өзен, ұлыма – қасқыр, маңырама – қой, білемеге – қайрақ, жаныма – пышақ еді.

Бұл жанама аттар осы келіншектің Қамысбай, Өзенбай, Қойшыбай, Қасқырбай, Пышақбай, Қайрақбай атты қайын атасы, қайын ағалары болған екен. Инабатты, есті келіншек олардың атын атамай, ауызға алуға именіп, әдеп сақтап, салтты сыйлап, табан астынан осылай хабарлаған екен.

Осы аңыздан-ақ халқымыздың әдеп-ғұрпын, наным-сенімін, өздерінің ұлттық болмысы арқылы кейінгіге тәлім-тәрбиеге қалай қарағанын байқаймыз.

Ұлттық тәрбиенің бәрі де отбасында қалыптасады.

Бүгінгі сынып сағатында біз қазақ халқының тыйым сөздерінің бірнеше түрімен танысамыз:

- Салт-санадағы кездесетін тыйым сөздер;
- Үй-тұрмысында кездесетін тыйым сөздер;
- Жер-суға байланысты тыйым сөздер;
- Асқа байланысты айтылған тыйым сөздер;
- Космогониялық тыйым сөздер.

1-оқушы: Халық айтады: «Бос бесікті тербетпе». Бос бесікті тербету – ұрпақсыз қалған адамның ішкі жандүниесінің күйзелісін аңғартады. Тек

баласы жоқ адам ғана Аллаһтан бала тілеп іштей налиды. Баланың бесігін аяқ асты тастама, жатқа берме, бетін ашық тастама деген сөздердің мағынасы – үйдегі бесікте өсіп жатқан ұрпағыңның берекесін білдіреді.

Оның бетін жауып қой, жын-шайтандар мекендемесін дейді. Келін түскенде, жас отауға ырым етіп, төріне бесік қояды. Бұл жас келін осы шаңырақтың ішін балаға толтырып, үй ішін базарға айналдырсын деген тілекті білдіреді.

2-оқушы: Басынды маңдайыңнан бастап жуу керек.

Жақсылықтың бәрі де маңайдан басталады дейді. Қазақта: «Тағдырыңның бәрі маңдайыңа байланысты», - дейді, немесе «Пешенесі бес жастан басталады», - деген ұғым да бар. Құран-аят оқығанда, екі алақанымен бет сипайды, оның мағынасы – «бетіңе құранның нұры жаусын!» дегені.

3-оқушы: Шашыңды отқа салма, жерге тастама дейді. О дүниеге барғанда Аллаһ: «Берген шашты қайда тастадың?» - деп, сұрайды екен. Егер шашты жинап, орамалға түйіп жүрсе, оған періштелер куә болады дейді. Шашты отқа тастау – ер адамның жинаған мүлкін ысырап жасау.

4-оқушы: Қонаққа сынық кесемен шай құйма дейді. Қазақта қырықтың бірі қыдыр дейді. Отырған қонаққа шайды оң қолыңмен бер. Бұл келген қонаққа ықыласты білдіреді. Біреу қонағын аспен тойдыра алмаса, біреу қонақты ықыласпен тойдырады деп меңзейді.

5-оқушы: Қазақта «айналайын» деген сөз бар. Бұл сөз ата-анасы баласын айналады, өз баласын бөле-жаладан,

аурудан сақтай отырып, балаға келген ауру бізге келсін деген ықыласы, тілегі. Басқа біреуді айналайын деп айту дұрыс емес.

Мұғалім сөзі: Енді, осы Қасиетті Далада өмір сүрген түркі елінің ұрпағы болған қазақ халқының туған жерге арналған тыйым сөздеріне назар аударарлық:

Ауыл қарттары «су ішкен құдығыңа түкірме» дейді. Бұл сөздің мағынасы – өз еліңді жамандама, көмусіз қаларсың дегенді де аңғартады.

«Қара суды сапырма», оның мағынасы – ішерге асың, тісіңе басар ештеңенің болмағанын айтады екен. Кейде біреуді қарғаса: «қара қазанның қасында қара суды сапырып қал!» - деп те жатады.

Келесі тыйым сөздер – «құстардың ұясын бұзба» дейді. Қашан да болсын жұмыр жерді мекендеген халықтардың бәрі де құсқа табынған.

Мысалы, аққу – махаббат белгісі, қарлығаш – адамды қорғаушы, досы болса, бүркіт – қырағылықты, сақтықты, ержүректілікті, тектілікті білдіреді.

Қазақ халқының ауыз әдебиет үлгілерінде ат пен құс қатар келіп, дала адамдарының өміріне өшпестей із қалдырғанын байқаймыз.

1-оқушы: Ағаштың бұтағын жұлма, сындырма, ағаштардың бұтақтары – ұрпақ белгісі. Бұтақты сындырсаң – бір құс азаяды, ұя сала алмайды, басқа жаққа ұшып кетеді дейді.

«Көлдегі камысты отама» – құстан айырыласың, өзеннен балық кетеді. «Жағадағы орманды кеспе», - аңнан айырыласың, - деп, сонау ерте кезден-ақ қазақ елі туған жердің жасыл әлемі мен аң-құстарын сақтауға кеңіл бөл-

ген. Жерің орманға айналсын, аспанның құстар базарына айналсын, бұлақ көрсең – көзін аш, өзен-көліңді таза ұста, туған жеріңнің бетін шимайлама, шалғынында ойнайтын балаң болсын, жұртыңды таза ұста», - деп, ұрпаққа өсиет қалдырып отырған.

2-оқушы: Жердің түгі болған көк шөпті жұлма, оны жапырма, «обал» болады дейді екен. Егер ата-анасын сыйламаған ұл мен қыз болса, оларға «көктей солғыр!» деп мұңаяды екен. Сонда дала қазағының санасында бала деген ұғым желкілдеп, өсіп келе жатқан жас шөпке баланған. Сондықтан да, сөздік қорымызда «жас келді», «жас өсіп келеді», «әлі де жас қой!» деген ұғым да кездеседі.

Мұғалім сөзі: Асқа байланысты айтылған тыйым сөздер де көп.

Дастарханға бірінші нан қой. Нан – дәмнің басы. Адам ата мен Хауа ана да ең бірінші рет бидай дәнін ауыздарына салған екен. «Нан болса, әл болады, әл болса ән болады» - деп, бекер айтпаса керек.

Нанды шашпа, бір қолыңмен үзбе, нан үстіне басқа затты қойма.

Ас ішіп болған соң, ас қайыр. «Құдайдың берер ырзығы таусылмасын, дәм-тұзым таусылмасын, көрер таңым көп болсын», - деп, ықылас жасау керек.

Ас алдында «бисмиллаһ» деп ал. Ас адал болады. Мүмкін кенеттен қақалып қалмайсың, астан шошынбайсың. Ас ішіп болған соң, ыдыс-аяқты төңкерме. Бұл енді маған тамақ ішуге болмайды, ең соңғы татар дәм-тұзым деген мағынаны білдіреді.

Дәмді тамақтың ортасынан алма, тамақтың ырысы ортасында болады.

Ас ішуді үй иесі бастап, үй иесі аяқтайды.

Үйде болсын, қонақта болсақ та кесені, қасықты төңкерме. Ас ішіп болған соң, «тойдым!», «болдым!» десе бұл жаман ырым. Оны тексіздік дейді. «Болдым!», «Тойдым!» деу өміріңнің ең соңғы тамағыңнан ауыз тигендей. Немесе өмірмен қоштасардай ұғымды білдіреді. Өз ырзығыңды өзің тауысып, жарық дүниемен енді болдым, енді тойдым! - деу көргенсіздік. Бұл – айтары болмаған жетімдердің сөзі.

3-оқушы: Келесі танысатын тыйым сөздердің түрі – космогониялық тыйым сөздер.

Дала перзенті далада малын бағып, жолға шыққанда, далада түнегенде де, ғарыш әлемімен ойлары ұштасып, киіз үйінде де шаңырақтан Күннің жарығы мен жылуын, Айдың сәулесін, жұлдыздардың алыстағы орындарынан назар салғанын олардың бай мұраларынан байқауға болады.

Халық аспанға, Айға, Күнге тәңірісіне табыну, аруақ шақыру сияқты төтемдік, сиқырлық, шамандық, бақсылық наным-сенімді ғасырлар сатысына жеткізе берген.

Әлем, ғарыш, жер, адам – біртұтас дүние дей отырып, табиғат қалай құбылса, адамның ойы да өзгеріп, жаңғырып отырған. Дүниені түсінудің байырғы жануарлық сатысы – хайуанға табыну, бірте-бірте шектеліп, ақыры адам өзінің рухани болмысы арқылы өмірде жетекші орынға ие бола бастады.

4-оқушы: От – Күн белгісі. Түркі әлемінде от құдайын Үмай-ана дейді. Сол себепті «отты шашпа, отпен ойнама, отқа түкірме» дейді. Отты қасиет

санаған, отқа табынған.

Бағзы замандарда үй иесі – Отағасы десе, әйел адамдарды Отанасы деп санаған. Отқа табынудан «Отың өшпесін!» - деген ұғым пайда болған.

От – берекенің белгісі, ынтымақтың белгісі. От емші, от адам жанын аурудан, пәле-жаладан тазартады деп сенген. Киіз үй ішінде от орнына отыруға болмайды десе, оның мағынасы от киелі, от қасиет дегені.

5-оқушы: Қазақтар бейуақта ұйықтама, бұл ауру адамға тән деген. Күн батарда дауыс көтеріп жылама, адам шығыны болады. Кеш түскенде ауруға көңіл айтпа, ол көңіліне келеді. Барсаң, көңілін сұрасаң – түске дейін бар. Бұл ауру адамға өмір тілегенің, түстен кейін барып көңілін сұрау – дұшпанның ісі.

Сонымен қатар қазақтар «түн ішінде тырнағыңды алма!» - деп жатады. Егер дастархан үстінде қасығың құлай берсе, кеседегі шайың құлап, төгіле берсе, кенеттен қолыңды пышақпен кесіп алсаң, қаң шығарсаң, ыдыстарды жуғанда құлай берсе, ыдыстар сына берсе, бастаған ісің оңбаса, ойлаған ойың орындалмаса - бәрі тырнақты түнде алғаннан дейді.

Сонда бір нәрсені түнге қалдырма, онда ісің оңбайды деп ескертіп жатады.

6-оқушы: Қазақ баласын бесікке бөлерде, бесіктің ішін отпен аластатып, үйге келін түскенде де, отқа май құйып, екі жастың бетін маймен сылап: «От ана, жарылқа! От ана, екі жасты пәле-жаладан сақта!» - деп тілек айтды.

Ауыл адамдары күзге қарай жайлаудан қыстаққа көшерде, жер ошақты

топырақпен көміп, таспен бекітіп, от орнына топырақ төгіп, от орнын тағы аңдар баспасын деп ырым жасайды екен.

Мұғалімнің қорытынды сөзі: Сонымен халқымыздың ғасырлардан бізге жеткен наным мен ырымдары, сенімі мен түсініктері – жас ұрпақты тәрбиелеуге арналған халық педагогикасы. Бұл тыйым сөздердің бәрі де көнеден келе жатқан, ұрпақ санасында жатталған ұлттық қасиеттердің бірі. Біз тыйым сөздердің бәрін де теріп, сіздерді таныстырдық деп айта алмаймыз, ол мүмкін емес. Тыйым сөздер бәле-жаладан, тіл-көзден сақтап, ұлттық салтты құрметтеуге ықпал жасап, халқымыздың дүниетанымы мен болмысының қалыптасуына ерекше қызмет атқарғанын байқаймыз.

- Міне, біз ғасырлар қойнауына сүңгіп, халқымыздың тыйым сөздері, сенім-нанымдарына ой тоқтатып, өлместей өміріне, сөнбестей шырағына, өздері жетпеген арманға, өздерінің танымы жетпеген ойларға назар салдық.

Ғасырлардың беттеріне жазылып қалған тыйым сөздер халық санасында мөрдей із қалдырып, ескірмей, ұмытылмай бізге де жетіпті.

Бұл ұғымдар, енді, ұрпақ көшіне ілесіп, оларға шырақ болып, ата дәстүрін сыйлап өссін деп, халқының ойын ортаға салдық.

Б. ЕЛУБАЕВА,
Дубовка орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
мектеп директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі орынбасары.
Бұқар жырау ауданы,
Қарағанды облысы

Ерлікке тағзым – ұрпаққа үлгі

Екі тілде өтетін мерекелік шара сценарийі.

Цель мероприятия:

1. Білім алушыларды елжандылық және отаншылдық рухта тәрбиелеу;
2. Ұлы Отан соғысы туралы және Жеңіс күні туралы түсінік қалыптастыру;
3. ҚР Қарулы күштерінде қызмет етуге қажетті қасиеттерді қалыптастыру.

Көрнекіліктер:

1. Кіре берісті және сахнаны шарлармен, жалаушалармен безендіру, суреттер көрмесі, мәңгілік от импровизациясы.



Техникалық құралдар:

1. Экран тақтасы, компьютер, проектор, слайдтар;
2. Аудиоаппаратура, бейнежазбалар.

1-жүргізуші: Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қазіргі кезеңде, заман сұранысына сай жетілдірген, әскери дайындығы мықты да сенімге сай, сондай-ақ жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға атсалысу үшін мүмкіндіктерді ұлғайту күн тәртібінен түспек емес. Қазақстан азаматтары өз

әскери борышын өтеуге әрқашанда дайын, мемлекетіміздің ашық аспанын және бейбіт өмірімізді сақтайтын – Отан қорғаушылар.

Ведущий: Сегодня мы празднуем два значимых праздника. Первую часть мы посвящаем Дню защитника Отечества – Казахстанским вооруженным силам.

7 мая – День Защитников Отечества! Сегодня, как и в былые времена, наша Казахстанская Армия славится своими воинами. У неё славное прошлое и достойное будущее.

2-жүргізуші: Құттықтау сөз білім беру ұйымының басшысы Кривицкая Светлана Каримуллаевнаға беріледі.

Ведущий: Человек немислим без Родины это – края, места, где он рождается. Ну, а если есть то это – Родина, Отечество, где мы живем, где жили наши предки, значит, нужны и люди, которые смогут ее защитить.

«Жас ұландар» әні орындалады.



2-жүргізуші: Рахмет, балалар, ал біз әрі қарай жалғастырамыз.

Келесі кезеңде викторина сұрақтарына жауап беруді ұсынғымыз келеді.

Вопросы викторины:

1. Когда были созданы ВС РК?

Ответ: Вооружённые силы Республики Казахстан (ВС РК) были созданы указом президента Республики Казахстан 7 мая 1992 года.

2. С какого года День защитника Отечества в Казахстане считается государственным праздником?

Ответ: День защитника Отечества в Казахстане государственный праздник с весны 2012 года

3. Кто является Верховным Главнокомандующим Вооружёнными Силами страны?

Ответ: Согласно Конституции, Президент Республики Казахстан, Токаев Касым-Жомарт Кемелұлы, является Верховным Главнокомандующим Вооружёнными Силами страны.

4. Какие рода войск есть в Казахтанской Армии?

Ответ: Вооружённые силы Республики Казахстан включают в себя три рода войск:

Сухопутные войска. Силы воздушной обороны. Военно-морские силы.

1-жүргізуші: Жарайсыздар, көп рахмет барлықтарыңызға. Бүгін Отан қорғаушылар күні, біз ең батыл, ең сенімді адамдарды құттықтаймыз.

«Сарбаздар» биі орындалады.

2-бөлім.

3 жұп болып студенттер би алаңын-

да би билеп жүреді, көздері күлімдеп, көңілдері көтеріңкі болады. Аяқ астынан музыка тоқтап қалады.

Радиодан сол кездегі белгілі диктор Левитан дауысы соғыс басталғанын хабарлайды. Бірнеше қыз радиоға жүгіріп келіп, қорқыныштарын баса алмай тұрады, кейбіреулері көздерін алақандарымен жабады.

Звучит фоновая музыка «Священная война» сначала громко, потом приглушенно. На фоне показа слайдов говорит ведущий

Ведущий: 22 июня 1941 года гитлеровская Германия, нарушив границы, вторглась на территорию Советского союза. Народы СССР все, как один встали на защиту своего дома, Родины. Это была жестокая и страшная война.

Минувшая война унесла 27 млн. жизней. В нашей стране нет ни одной семьи, которой бы не коснулась тяжесть смертельной борьбы с гитлеровцами. Руины остались там, где хозяйничали захватчики. Они разрушили тысячи городов и поселков, превратили в пепелище 70 тыс. сел и деревень, оставив без жилья 25 тыс. человек.

1-жүргізуші: 22 маусым мен 9 мамыр — бұл күндер адамдардың жадына терең еніп кетті. Тарихқа мәңгілікке енді. Бірақ бейбітшілік құқығына ие болған мыңдаған батырлар туралы ұмытуға бола ма? Отанын кеудесімен қорғаған барлық батырлар ұрпақ жүрегінде мәңгі қалады.

Ведущий:

А знаете, что много лет тому назад, Когда мы с вами все еще не роди-



лись,

Была большая цель у молодых ребят,

Спасти и Родину, и будущую жизнь.

Солдаты шли, гремели пушки, пули,

Звенели так, что было страшно им,

Но не сдались, не испугались, не свернули,

Все вместе смело они Родину спасли.

И в День Победы славим мы их подвиг,

Желаем ужасов войны совсем не знать,

Жить правильно, по совести, достойно

И о солдатах тех не забывать.

Ученик:

Мир важней всего на свете,

Спят спокойно наши дети.

В этот славный день Победы,

Говорим «Спасибо» деды!

За то, что пушки не гремят,

Ведь нужен мир для всех ребят.

За то, что ярко светит солнце

И веселит лучом в оконце.



Ведущий: Трудным и долгим был путь к Победе. На войне люди не толь-

ко воевали, на войне они продолжали жить, пелись песни, которые помогали солдатам не терять боевой дух, радоваться каждому дню, что живы, что могут продолжать воевать против врага и писать письма родным, а письма для родных и близких посылались без конвертов — их сворачивали треугольником.

«Катюша» әні орындалады.

1-жүргізуші: Соғыста қаза тапқан-дарға құрмет көрсете отырып, біз мәңгілік отқа гүл шоқтарын қоямыз.

(Ұлы Отан соғысынан кейін қаза тапқан сарбаздарды аспандағы ұшып бара жатқан тырна құстарымен салыстырылды)

2-жүргізуші:

Жеңіс күнін қарсы алайық бәріміз

Жеңіс күнін тойлайық жас-кәріміз

Осындай бір бейбіт өмір сыйлаған

Ардагерлер, ағаларға мың алғыс

«Соғыс болмасын» әні орындалады.

1-жүргізуші: Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағының батырлары, Қазақ елінің қыздары — **Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова және Мәншүк Мәметова** апаларымыз.

Батыстың батыр қыздары,

Қазақ деп соққан жандары.

Соғысқа аттанды ызғарлы,

Жылы жүрек мұздады.

Ерлік, мәңгі естесін,

Ұрпақтарың ескерсін.

Тыныш, бейбіт заманда,

Басымыздан бақ кетпесін!

Ведущий: Память о павших неподвластна времени. Она предупреждает, тревожит нас! Мы вновь и вновь вспоминаем о минувшей войне.



Мы помним, чтим поклоном низ-
ким,
Всех, кто войну не пережил,
И тех, ушедших в обелиски,
И тех, кто вовсе без могил.
Сегодня праздник входит в каждый
дом,
И радость к людям с ним приходит
следом.
Мы поздравляем вас с великим
днём,

С днём нашей славы! С днём Побе-
ды!

Майнур Багдатовна АМИРОВА,
Шығыс Қазақстан облысы
Білім басқармасының «Ақ ниет»
мектеп-интернаты» КММ
қосымша білім беру педагогы.
Акбота Илиясовна АМАНОВА,
кітапханашы.
Өскемен қаласы

Ерлікке тағзым

*Ауғанстан жерінен кеңес әскерлерінің
шығарылғандарына 37 жыл*

Мақсаты: оқушыларды патриоттық сезімге тәрбиелеу. Оқушылардың бойына адамгершілік, еңбексүйгіштік, әдептілік қасиеттерді дарыта отырып, Отан қорғау әр азаматтың қасиетті борышы екендігін түсіндіру.

Көрнекілігі: жауынгерлер суреті, 9-рота бейнефильмі, слайдтар, кітап-

тар көрмесі, тақырып жазылған плакат, буклеттер.

Барысы:

Кездесудің ашылуы. ҚР Мемлекеттік Әнұранының орындалуы. Алғы сөз мектеп директорына беріледі.

1-жүргізуші:

Жырым бар жараланған жаныңды емдер.

Армысыз ауғандық жауынгерлер.

Өлгендердің жәннәтта болсын жаны,

Тірілерің мың жаса, дәуірлендер.

- Құрметті қауым, сіздерді мектебіміздің бүгінгі қонақтарымен таныстырайын. (Өмірбаяны айтылады)

Ән шашу:

«Елім менің» әні орындалады.

Слайд. Ауған жеріндегі ұрыс. (9-рота бейнефильмінен үзінді)

Оқушылар өлеңдері.

2-жүргізуші: 1979 жылдың 25 желтоқсанынан 1989 жылдың 15 ақпаны, яғни, 9 жылдан аса уақыт бойы Кеңес әскерлерінің шектеулі құрамы Ауған жерінде ұрыс жүргізді.

Кеңес Одағы басшылығының қаулысымен олар Ауған халқы алдында интернационалдық борыштарын өтеді. 14 мыңға жуық кеңес жауынгерлері соғыстан үйіне оралмады. Олардың ішінде қазақстандықтар да бар еді. Қайғы мен қасірет әкелген бұл соғыс Қазақстан жерін де айналып өтпеді. Ұрыста қаза тапқан жауынгерлердің ерліктерін есімізде мәңгіге сақтау қасиетті борышымыз. Оларды ұмытпас үшін естеліктер айтылып, мәңгілік алаулар жағылады. Осы дәстүр біздің Қазақстанда да сақталған.

Соғыстың адам баласына әкелер зардабы мен қасіреттері шексіз екені баршаға аян. Бұл соғыстан қаншама боздақтар оралмады, сол боздақтардың аналары әлі күнге дейін қара жамылып қасірет шегуде. Әр ана баласының кеміс те болса тірі келгенін құдайдан тілемей ме? Сол үміті ақталмай, баласының өлі денесін алудан артық анаға бұл дүниеде тең келер қандай қасірет бар?

Ауғанстан соғысы туралы не білеміз? Ауғанстан – бұл ертеден қалыптасқан мұсылман мемлекеті. Бірақ, бұл бізге ұмытылмас қайғы мен қасірет әкеледі деп ешқашан ойлаған емеспіз. Біреудің жүрек жарар ұлын, біреудің бауырын бұл жалғанда жұлып әкетерін кім білген.

1-жүргізуші: Ауған соғысына Қазақстан бойынша біздің елдің еншісінде қаралы тізім мынадай:

761 адам қаза тапқан. 226 адам із-түзсіз жоқ. 1000-ға жуық адам кемтар. 1000-ға жуық адам осы соғыстан кейін о дүниелік болды.

2-жүргізуші: Кенестер әскері құрамында біздің азаматтардың да еңбектері орасан. Аудан көлемінде қазір интернационалист жауынгерлер түрлі салада еңбек етіп жүр. Өзіміздің Қазыбек би ауыл округі бойынша аман есен оралып еңбек етіп жүрген: Сартаев Жиенбай, Тасболатов Нұрлан, Күленов Анарбек, Анарбаев Талғат, Сатыбалдиев Қалшабек, Өтеуов Абілқасым, Фазылов Бақытжан сынды жауынгер ағаларымыз бар, олар бүгін бізбен бірге. Алайда, осы ауғанның от жалынынан оралмаған жауынгерлеріміз қаншама. Марқұм болған ауған соғысының жауынгерлерін еске алу үшін 1 минут үнсіздік берілсін.

Адам тағдырына көнеді, бірақ ұлынан айрылған ана көне ме? Ол әлі де ұлын келеді деп үміттенуде.

Слайд (кинофильмнен үзінді)

«Тағдырын білем ауған даласының...»
- ауғандық жауынгер Сартаев Жиенбай ағамыздың әңгімесі.

«Тағдырын білем ауған даласының...»
өлең шумақтары оқылады.

1-оқушы:

Қан майданда қан аққан бұлақтардан,
Қанды кешіп жүреді алда ерлер.

Міне, бүгін сіздерге жыр ақтарам,
Ассалаумағалейкум, ардагерлер.

Соқыр билік тұсында сумаң қаққан.
Соғыстар аз болғандай, ғасыр дерті.
Ауғанның көк аспанын тұмандатқан,
Сұрапыл майдан бопты қасіретті.

2-оқушы:

Кілең жас жанары от жалындаған,
Айналды майдангерлер қанды балақ.

Күні жоқ «қалақша» оқ салынбаған.
Атырған бір ұйқысыз күнді қарап.
Дұшпанмен бетпе-бет кеп шайқас-тарда,
Жасқанып шегінбеген, тайсалмаған.

Отан үшін бас тігіп айқасқанда

Оққа ұшты қанша қазақ қайсар балаң.

3-оқушы:

Тастаған енді ер жетер шақта қырып,
Кектерін олар үшін заман алар.

Кебенек киген ұлын аттандырып,
Қабірін құшып қалған аналар бар.

«Қазақ жастары» әні орындалады..

1-жүргізуші: Бірі білсе, ерлігін бірі білмес. Дүйсебаев Жора аға ендігі сөз кезегін сізге берейік, Ауған соғысы жайлы, сол кездегі достарыңыз жайлы айтып берсеңіз.

(Оқушылар өздерінің ойларында жүрген сұрақтарын қояды)

Қарумен орындалатын саптық тәсілдер оқушылардың орындауында.

2-жүргізуші: Арамдық жоқ жүректе, таза демі. Жасасын, жайнай берсін қазақ елі.

1-жүргізуші: Он жылға созылған бұл соғыстың аяқталуы да ауыр болды. Біздің білетініміз 15 ақпан 1989 жылы 40-армияның Ауған жерінен генерал Борис Громовтың шығуы еді. Шын мәнінде оқиға басқаша болған. Соғыс бітсе де шекаралар мен негізгі құрамалар қалдырылған. Соңғы шығушы қазақстандық офицер Виктор Харичев басқарған шекарашылар. Олар ешқандай сән-салтанатсыз, құшаққа алған гүлдерсіз Ауған жеріндегі соғыстың арғы нүктесін қойды. Өкінішке орай бұны әркім біле бермейді.

Ендігі біздің сізге дайындаған тағы бір тапсырмамыз: Тир мылтығымен өздеріңіздің мергендіктеріңізді көрсетіңіздер.

2-жүргізуші: Құрметті Ауған соғысының ардагерлері, сіздердің отты жылдардағы ерліктеріңіз ешқашан ұмытылмайды! Отанды қорғау, Отанға деген махаббат, патриоттық сезімнің шынайы үлгісін көрсете білдіңіздер. Келешек ұрпақ сіздердің ерліктеріңізді үлгі тұтады.

Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз. Жас ұрпақты тәрбиелеу барысындағы игі істеріңіз жоғарыдан көріне берсін!

4-оқушы:

...Не болды екен, көңілім тыншымайды,

Кім болады екен басатын гүл шырайды.

Енді ғана нұрланған бұл өмірдің
Ақ жолынан алыста жүрші, қайғы?

5-оқушы:

Талассын таңы күніменен бірге ша-
ғылсын,

Бейбітшіліктің жұлдызы көктен
ағылсын.

Жұдырықтай боп жұмылған ға-
ламшарымның

Басынан тайсын бар жамандығы,
арылсын.

Мектебіміздің «Балауса» би тобының
орындауында «Шаттық» биін көріп,
тамашалаңыздар.

1-жүргізуші: Құрметті ағалар мына

оқулық АҚ-74 автоматын бөлшектеп
қайта жинап берсеңіздер.

«Аға, Қазақстан» әні орындалады.

2-жүргізуші: Бүгінгі «Ерлікке тағ-
зым» атты кездесу кешімізді қорытын-
дылау үшін директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасарына сөз береміз.

Ақмарал Алшынбайқызы
АЙБЕКОВА,

№8 Н. Ондасынов атындағы қазақ
орта мектебінің музыка пәні мұғалімі.

Қазыбек би ауылдық округі,
Мақтарал ауданы,
Түркістан облысы.

Қызылқоға – құт мекені

Мақсаты: Қызылқоға ауданының
құрылғанына 82 жыл толуына орай,
Қызылқоға жерінде туған батырлар
мен ақын-жазушылар, сазгерлер ау-
данды құрысуға ерен еңбек еткен ха-
лық қалаулылары мен зиялыларының
ерен еңбектерін, шығармаларын на-
сихаттау.

Оқушыларды ұлтжандылыққа, Ота-
нын, туған жерін сүйуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: зал шармен, гүлдермен
безендірілген.

Қанатты сөздер: «Болат қайнауда
шынығады, батыр майданда шыныға-
ды». Плакатта жазылған өлең жолда-
рынан үзінді, кітап көрмесі, ақын-жа-
зушылар мен ел зиялыларының пор-
треттері, батырлар бейнесі.

«Елдің атын ер шығарады» бүкте-
месі, «Қызылқоға – құт мекен» кіта-
бы, «Ауданның ХХ-ғасыр адамдары»
слайд, «Қызылқоға» Энциклопедия-
сы.

Жүру барысы:

1-бөлім. Кіріспе. Қызылқоға ауданының тарихы.

2-бөлім. Аудан халқы Ұлы Отан со-
ғысы жылдарында.

3-бөлім. Тамыры терең алтын бес
бөлім.

4-бөлім. Келешегі кемел ақын-жазу-
шылар.

1-бөлім. Кіріспе. «Қызылқоға ауданының тарихы». Қызылқоға ауданы 1920 жылы қазан айының 12-сінде 34 облысы бар Гурьев уезі, Орал облысы

құрамында шаңырақ көтерген болатын. Осы 34 облыс ішінде қазір аудан территориясының негізінен құралған Қызылқоға, Қарасамаар болыстары да болған. 1923 жылдың 5 шілдесінде ҚазССР атқару комитетінің шешімімен Тайсойған болысы, Ақтөбе болысы Темір уезі қарамағынан алынып, Гурьев уезіне қосылды, ал бұл болыс 1924 жылдың қаңтарында Қызылқоға болысымен біріктірілді. 1928 жылы 3 қыркүйекте Бүкілодақтық Орталық құрамына кірген алты ауданның бірі – біздің Қызылқоға ауданы болатын.

Қызылқоға ауданын құру туралы шешім 1928 жылы 27 наурызда қабылданды. Қызылқоға ауданы Қызылқоға, Соркөл болыстары бұрынғы Гурьев уезінен Қаракөл болысы, Орал облысының Жымпиты уезіне қосылды. Аудан орталығы болып Қызылқоға елді-мекені белгіленді. 1928 жылдың аяғында ауыл шаруашылығы, 2 кредиттік қоғам, тұтынушылар одағы құрылды, 663 мүшесі бар мал шаруашылығы бағытында 6 колхоз қайта ұйымдастырылды. 1930 жылы Қызылқоға ауданы тарап, **1944 жылы 11 мамырда** қаулы қайта құрылды. Ауданның негізгі экономикасы мал шаруашылығы болды. Мал шаруашылығының өркендеуіне КПСС ОК 1953 жылғы Пленумының шешімі ерекше рөл атқарды. 1961 жылдан бастап колхоздарға айналдырылды.

Жүргізуші: Туған жерінді мақтаса тап бір өзінді мақтағандай төбең көкке жетеді.

Көңіліп өсіп, әруақтанып қаласын. Өйткені, ол шыр етіп, жарық дүниеге

келгенде алғаш рет жауырының тиген, кіндік қаның тамған жер. Ендеше, осындай өлкенің топырағы да алтын болмағанда қайтуші еді? Дәм-тұз айдап, дүниенің небір қиырында жүрген туған жер перзенттерінің қай-қайсысының да Қызылқоға десе тебіренбей тұра алмас.

Бүгінгі өнеге сағатымыз да туған жеріміз туралы, қасиетті жерде туып-өскен батырларымыз бен дүлділ ақын-жазушыларымыз, еңсере еңбек еткен аудандарымыздың ең алғашқы адамдары туралы болмақ.

«Туған жер» әні орындалады.

Жүргізуші: Қазақ даласында өткен тарихи оқиғалардың Қызылқоға топырағына соқпай өткені сирек. Бұл жерден Асан қайғы, Қазтуған, Жиенбай жыраулар да желіп өтті. Бөке би, Сырым батыр, Алдар, Есет, Машак билер, Есбай, Мұхит бабаларымыздың құтханасы болды. Алты алаштың камын жеген біртуар батырлар Исатай, Махамбет, Асау, Тұрлан жүрген өңір бұл. Арқалы ақындар Досжан, Шернияз Жарылғасұлы, Ығылман Шөрекұлы, Нұрым Шыршығұлұлы, Ақтай Керейұлы, Зімбіл Тегенбайұлы, Зәкәрия Сағындықұлдары жыр нөсерін төкпектеткен өлке бұл.

«Топырағыңнан айналдым, Қызылқоғам» әні орындалады.

Әні мен сөзі: Қалыбек Құлмағамбетов.

2-бөлім. Аудан халқы Ұлы Отан соғысы жылдарында.

Жүргізуші: Ұлы Отан соғысында аудан халқы «Бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін» деген мақсат-тілекпен

еңбек етіп, өмір сүрді. Қызылқоға ауданынан майданға көптеген аға-апа-ларымыз аттанды. «Қара қағаз» келіп, баласынан айырылған ана, жарынан айырылған қаралы жар, әкесіз қалған сәбилер кем болмады. Ауданымыздан шыққан батырларға тоқталсақ.

1-оқушы: Шүкір Таңатарұлы Еркін (1924 жылы Ойыл ауданында туылып, 1949 жылы дүниеден өткен) – «Даңқ» орденінің толық иегері. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Майданға 1942 жылы шақырылып, Беларусь майданында барлаушы болды, талай рет ерен ерлік көрсеткен.

2-оқушы: Ыбыраев Сүйеуғали (1925 жылы Тайсойған өңірінде) – соғыс ардагері, ішкі істер қызметкері. Қазір құрметті демалыстағы милиция капитаны. ҰОС-та Еуропаны азат ету соғыстарына қатысқан. 3-дәрежелі «Даңқ» орденімен және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.

3-оқушы: Ысқақов Қабен (1921-1979 ж.ж., Көздіғара ауданы) – ауыл шаруашылығы қызметкері. Олар ауыл шаруашылық техникумын (1939) «Ауыл шаруашылығын өркендетуге» қосқан еңбегі үшін «Еңбек ардагері», «Еңбек Қызыл Ту» орденімен мен ҰОС жылдарында көрсеткен ерлігі үшін «Ұлы Отан соғысының 2-дәрежелі» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

4-оқушы: Тұрашев Оразбай (1924 жылы Қызылқоға ауданы) – Еңбек және соғыс ардагері. ҰОС-ы жылдарында Еуропаны азат ету ұрыстарына қатысқан. Ұзақ жылдар орталық статистика басқармасының аудандық

инспекторы (1949-1963), 1965-1987 ж.ж. ауданда ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, экономика бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған. 1-дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз» ордендерімен, екі рет «Ерлігі үшін» медалімен және бірнеше мерекелік медальдармен, 2 рет Бүкілодақтық көрменің қола медалімен марапатталған.

5-оқушы: Үмбетбаев Ермекбай (1921 жылы Маңғыстау облысында туған) – Соғыс және еңбек ардагері, ҰОС-да Украина жерінде бірнеше ұрыстарға қатысқан. Кейіннен ұзақ жылдар бойы шаруашылығында шопан болып еңбек еткен.

3-бөлім.

Жүргізуші: Бір айта кететін жайт, аудан дүние асты-үстіне шыққан, аласапыран соғыс жылдарында құрылды. Аудан орталығы алғаш рет Қарабауда орнықты. Кейіннен Миялыға көшті. Осы орайда еңсере еңбек еткен ауданымыздың ең алғашқы басшылары Мұхит Мұхтаров, Айтқали Сұлтанов, Батай Байменов, Құлшараф Өміршин, Қожантай Кенжеғалиев, Уәли Жайықов. Өтешқали Есмағамбетов, Сайфолла Сүйінов, Есенгелді Нұршаев, Мергенғали Бейісқалиев, Әлібек Нәутиев, Жангелді Рахметқалиев, Берік Сәрсенғалиевтер, аудандық кеңес атқару комитетінің төрағалары болған Мендіғазы Айтмұханов, Қожық Қазиев, Саламат Жұмағалиев, Сырым Есғалиева, Хайролла Нұрмағамбетов, Несіпғали Қобданов, Аташ Досалиев есімдерін мақтанышпен атауға болады.

«Менің Миялым» әні орындалады.

Әні мен сөзі: Қалиолла Ізекеновтікі.

Жүргізуші: Қызылқоға ауданының халқы өзінің таңдаулы ұлдары мен қыздарын әр түрлі деңгейдегі өкімет билігіне өкіл етіп ұсынып отырды.

Олар кімдер еді?

1-оқушы: Қабесов Дабыс (1910-1999 ж.ж., Есбол ауданы) – ауыл шаруашылығы қызметкері, Орал ауыл шаруашылығы техникумын бітірген. Қызылқоға ИТС-да «Комсомол» (1963-1973) кеңшарының директоры болды. ҚазССР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері (1970). Еңбек Қызыл Ту орденімен және бірнеше грамоталармен, медальдармен марапатталған.

2-оқушы: Аманбай Жұмашұлы (1940 жылы Жангелдин ауылында дүниеге келген) – халық ағарту саласының қызметкері. Гурьев педагогикалық институтын бітірген. Ұзақ жылдар аудан мектептерінде мұғалім, кейіннен Миялы орта мектебінің директоры қызметін атқарған. Аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланған, бірнеше мерекелік медальдардың иегері.

3-оқушы: Жанықұлов Оңғар (1946 жылы Жамбыл а/о) – зоотехник, партия қызметкері. Алматы зооветеринарлық институтын (1971) бітірген. Бірнеше жылдар Абай атындағы кеңшарда мал маманы, комсомол ұйымының хатшысы, бас зоотехник, аудан партия комитетінде басшылық қызметтер атқарған, 1988 жылы Тасшағыл кеңшарының қазіргі өндірістік кооперативінің директоры.

4-оқушы: Есенғарин Жеңісбек (1947 ж., Қарабау) – экономист. Алматы халық шаруашылық институтын бітірген (1975). Еңбек жолын Махамбет ауданының қаржы бөлімінде бюджет бөліміндегі инспектор, 1982 жылдан Қызылқоға ауданы қаржы бөлімінің меңгерушісі.

5-оқушы: Декеев Амангелді (1946-1992 ж.ж., Қызылқоға ауданы) – партия, кеңес қызметкері. Ұзақ жыл «Комсомол» кеңшарының партком хатшысы (1982-1986), кеңшар директоры қызметтерін атқарған. Қоныстану селосында Амангелді Декеев атындағы көше, 5 га отырғызылған бақ бар.

4-бөлім. «Келешегі кемел ақын-жазушылар»

Жүргізуші: Өзегін жарып шыққан төл туындыларының баршасынан туған жерге жеген сағыныш лебі есетін, бүгін де елімізге танымал ақын-жазушылар Сәтімжан Санбаев, Мереке Құлкенов, Марат Мәжитов, Оңай Тұрғалиева, Жолдығали Бақытов, Жұмабай Құлиев, Шолпан Ұғыбаева, Төлеген Жанабайұлы, Мақсат Ізімов, Кенжебек Сейтмұхамедов, т.б. қаламгерлеріміз өлкеміздің абыройын арттырып, шартарапта еңбек етуде.

1-оқушы: Ізекенов Қалидолла (1952 жылы Қызылқоға ауданында дүниеге келген) – педагог, С.М. Киров атындағы ҚазМУ бітірген (1975). Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, айтыскер ақын, сазгер. Өлеңдері Республикалық басылымдарға, «Шашу», «Атырау айдыны» ұжымдық жинақтарында жарияланған. «Мекенім-Миялым», «Қарындас», «Мөлдірім» және

т.б. әндердің авторы. 2001 жылы «Көңілімнің айнасы» атты жыр жинағы, «Тамыздағы тамшылар» жыр жинақтары шыққан.

2-оқушы: Сабыров Аманқос (1943-1999 ж.ж., Миялы селосы) – педагог. Гурьев пед. институтын (1975) бітірген. Еңбек жолын шаруашылық жүргізушісі болып бастады. Бірнеше жылдар «Комсомол» кеңшарында комсомол комитетінің хатшысы (1972), жұмысшылар комитетінің төрағасы (1975), осы жылдан 1982 жылға дейін Көздіқара ауылдық кеңесінің төрағасы, сол жылдан 1991 жылға дейін ауыыдық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, 1991 жылдан бастап аудандық халық депутаттары кеңесінде референт, іс басқарушы, 1994 жылдан өмірінің соңына дейін аудандық мәслихаттың хатшысы қызметін атқарған. Көп жылдық еңбегінің арқасында «Еңбек ардагері» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.

Ойылдың құба талдары.

Ойылдың құба талдары,
Тербеліп желмен ойнаған.
Өзгенің ерке жандары,
Сұлулық тойын тойлаған.
Сайранда құстар саянда,
Бөлісіп ортақ сырларын.
Толғанып сенің аянда,
Жазылған талай жырларым.

3-оқушы: Мереке Құлкенов – «Ана тілі» газетінің, «Таң Шолпан» журналының бас редакторы болды, Қазақстанның еңбегі сіңген қызметкері, Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлығының лауреаты,

Алматы қаласының Мәслихатының депутаты болған.

4-оқушы: Жаңабай Төлеген Жаңабайұлы (1944 жылы Ойыл ауданында дүниеге келген) – әдебиетші, журналист, ақын. Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтын (1966) бітірген. Еңбек жолында аудандық «Коммунизм туы» (Қызылқоға) газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактор орынбасары, 1973-1991 ж.ж. облыстық Атырау газетінде меншікті тілші, бөлім меңгерушісі болып еңбек етті. Кейіннен облыстық телерадиокомпаниясында бас редактор, төрағаның орынбасары болып қызмет істеді. 1997 жылдан облыстық «Прокуратура жаршысы» газетінің бас редакторы. Қазақстан Журналистері Одағы сыйлығының лауреаты (1997), төрт дүркін облыстық ақындар айтысының жүлдегері атанды.

Көркем сөз: Төлеген Жаңабайұлы «Биіктік».

Жүргізуші:

Намысқой, кайсар, айбарлым,
Қонақтай жомарт, жайдарлым.
Жасай бер, жаса Қызылқоға,
Атыңнан сенің айналдым, - деп
ақын жырлағандай ауданымызға 82 жыл толуына арналған тәрбиелік шарамызды аяқтаймыз.

**Айнұр ЖАЗЫҚБАЕВА,
Ш.Т. Еркінов атындағы
орта мектебінің мұғалімі.
Жасқайрат ауылы,
Қызылқоға ауданы,
Атырау облысы.**

Жас математиктер

Мақсаты: оқушылардың математикалық ойын тапсырмаларын орындау арқылы білімдерін одан әрі тереңдету, алған білімдерін пысықтау;

Ойлау қабілетімізді, математикалық сөздік қорын дамыту, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін жетілдіру.

Түрі: сайыс.

Көрнекілігі: компьютер, интерактивті тақта, презентация, жетондар.

Әділ қазыларды сайлау.

Сайыстың жүрісі:

1. Топқа бөлу;
2. «Кім жылдам?»;
3. «Математикалық диктант»;
4. «Біліктілік сайысы»;
5. «Капитандар сайысы»;
6. Қорытынды.

I кезең. Оқушыларды топқа бөлу:

1-топ «Білгірлер». 2-топ «Тапқырлар».

II кезең. *Кім жылдам?* (Әр топқа жеке сұрақтар қойылады жылдам жауап берулері керек. Әр дұрыс жауапқа 5 ұпай беріледі).

1-топ «Білгірлер» сұрақтары:

1. Құрамында әріптері бар өрнек қалай аталады? *Әріпті өрнек*
2. Екі санның бөліндісін не деп атаймыз? *Қатынас*
3. $P=2(a+b)$ қандай фигураның формуласы? *Төртбұрыштың периметрі*
4. 24 санының бөлгіштерін ата: *1, 2, 3, 4, 6, 8, 12, 24*
1. 5 санының бөлгіштік белгісі? *0 және 5-тен аяқталса*
6. Тек таңбалары арқылы ажыратылатын сандар? *Қарама-қарсы сандар*
7. Амалдар таңбалардан, жақшалар-

дан және сандардан ғана құрастырылған жазуды не деп атаймыз? *Санды өрнек*

8. Екі қатынастың теңдігі? *Пропорция*

9. $V=abc$ қандай фигураның формуласы? *Тікбұрышты параллелепипедтің көлемі*

2-топ «Тапқырлар» сұрақтары:

1. Құрамында әріппен белгіленген белгісіз саны бар теңдік қалай аталады? *Теңдеу*

2. Картадағы кескін ұзындығының оған сәйкес жер бетіндегі қашықтыққа қатынасын не дейміз? *Масштаб*

3. $S=ab$ қандай фигураның формуласы? *Тіктөртбұрыштың ауданы*

4. 27 санының бөлгіштерін ата: *1, 3, 9, 27*

5. 9 санының бөлгіштік белгісі? *Цифрларының қосындысы 9-ға бөлінсе*

6. Оң санның модулі неге тең? *Өзіне*

7. 32 санының бөлгіштерін ата: *1, 2, 4, 8, 16, 32*

8. 10 санының бөлгіштік белгісі? *0-ден аяқталса*

9. Теріс санның модулі неге тең? *Қарама-қарсы санға тең*

III. Математикалық диктант.

«Білгірлер» тобына:

Қосудың, азайтудың және көбейтудің қасиеттерін қолдану.

1. Өрнекпен жазындар:

- a) 36a және 15a-ның қосындысын;
- ә) 29 және $11x$ -тің көбейтіндісін.

2) Кеше күн 3 градус суық болған, бүгін күн 2 градус жылы.

«Тапқырлар» тобына:

Қосудың, азайтудың және көбейтудің қасиеттерін қолдану.

1. Өрнекпен жазыңдар:

- а) $36a$ және $15a$ -ның қосындысын;
- ә) 21 және $12x$ -тің көбейтіндісін.

2) Тарбағатай жоталарының ең биік жері теңіз деңгейінен 2992 м биіктікте, Каспий ойпаты теңіз деңгейінен 28 м тереңдікте.

IV кезең. «Біліктілік сайысы». Әр топқа жеке тапсырма беріледі. Дұрыс жауап 10 ұпаймен есептелінеді.

1-топ «Білгірлер»:

1. Есептендер:

1- $0,85 + 0,13 =$

2. $0,2 * (-5) =$

3. $16 : (-4) =$

4. $1 - (-4) =$

2. Ортақ көбейткішті жақша сыртына шығарыңдар:

1) $9a - 6b + 3c = 3(3a - 2b + c)$

2-топ «Тапқырлар»:

1. $-7 - (-8) =$

2. $8 * (-7) =$

3. $-8 : (0,2) =$

4. $-7 * (-0,1) =$

3. Ортақ көбейткішті жақша сыртына шығарыңдар:

2) $6x + 2x + 5x = (6 + 2 + 5)x = 13x$

VI кезең. «Капитандар сайысы». Әр топтың капитандарына жеке сұрақтар беріледі. Дұрыс жауап 5 ұпаймен есептелінеді.

1-топ «Білгірлер»:

1. Азайтудың нәтижесі қалай аталады?

2. 1 сағатта неше минут бар? (60)

3. 7 ондық 0 бірліктен тұратын санды ата. (70)

4. Шарты мен сұрағы бар кішкене

әңгіме? (Сөз есеп)

5. Мектептегі 45 минут? (Сабақ)

6. Оқу жылының алғашқы айы қандай? (Қыркүйек)

7. Азайту амалының компоненттерін ата? (Азайғыш, азайтқыш, айырманың мәні)

8. 3 пен 9 -дың көбейтіндісі? (27)

9. 6 мысық пен 3 тауықтың аяғы нешеу? (30)

10. Санды сол санның өзіне бөлсе. (1 шығады)

2-топ «Тапқырлар»:

1. Қосудың нәтижесі қалай аталады? (Қосынды)

2. 1 ғасырда неше жыл бар? (100)

3. 9 ондықтан 8 бірліктен тұратын санды ата. (98)

4. Периметрді қалай табамыз? (Барлық қабырғаларын қосамыз)

5. Мектептегі 10 минут? (Үзіліс)

6. Қыс айларының алғашқы айы қандай? (Қаңтар)

7. Бөлу амалының компоненттерін ата. (Бөлгіш, бөлінгіш, бөліндінің мәні)

8. 3 пен 7 -нің көбейтіндісі? (21)

9. 5 машина мен 4 велосипедтің дөңгелектері нешеу? (28)

10. Кез келген санды бірге көбейткенде... (Сол санның өзі шығады)

VII кезең. «Қорытынды».

Әділқазы алқасынан жалпы сайыстың қорытындысы сұралады.

Жеңімпаз оқушыларды марапаттау.

Нұрдәулет Абдіғапарұлы ОМАРОВ,

Байғазы орта мектебі МДШО

математика пәні мұғалімі.

Кербұлақ ауданы,

Жетісу облысы.

Полиглот сайысы



Алима Базарбековна ТУЛЕПБЕРГЕНОВА,
«Lake View School Almaty» жеке
мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі.
Әуезов ауданы,
Алматы қаласы.

Мақсаты:

1. Оқушылардың интеллектуалдық ойын арқылы ой-өрістерін кеңейту, логикалық тапсырмалар арқылы тапқырлыққа үйрету; Қазақстанның және де өзге ұлттардың дәстүріне көз жүгірту;

2. Ізденімпаз, ойшыл, жауапкершілігі мол тұлға ретінде тәрбиелеу;

3. Оқушылардың қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінен алған білімдеріне жалпылай шолу жасау, қайталау жұмыстарын жүргізу;

4. Оқушылардың танымдық қабілетін, ой-өрісін дамыту, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын молайту. Ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар және оқушылар!

- Good afternoon, dear teachers and pupils! Сіздермен бірге тілдерді қалай меңгеріп жүргенімізді білу мақсатында бүгінгі «Полиглот» ойынын бастайық.

Ойынымыз 4 кезеңнен тұрады:

1-кезең «Сұрап-жауап»;

2-кезең «Полиглот»;

3-кезең «сөздің мағынасын ашу»;

4-кезең «Ойлан, тап».

Жүргізуші: Бұл ойынға 6-7-8 сынып оқушылары қатысады. Ал енді ойынымызды бастамас бұрын, ойынымызға қатысатын 2 топты қошеметпен ортаға шақырамыз.

Dear guests, teachers and children!
 Welcome to our competition «Polyglot»!
 The pupils of 6-7-8 forms take part in this game. Greet them!

1-топ: «Толағай», «Tolagai». 2-топ: «Бәйтерек», «Baiterek».

Екі топтың бір-біріне деген тілектері.

Осы ойын барысын қадағалап, әділ бағасын беретін әділ қазылар алқасын тағайындап алайық. Ойынымыздың 1-бөлімінде әр топ қазақ, орыс, ағылшын тілдері пәндерінен сұрақтар қойылады. Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл беріледі.

Жүргізуші: On the first stage our pupils must answer the questions of the English, Kazakh and Russian languages.

1-кезең «Сұрақ-жауап»

1. Қазақ әліпбиінде қанша әріп бар? (Қырық екі, сорок два, forty two)

2. Как называются слова одинаковые по звучанию и написанию, но совершенно разные по лексическому значению? (Омонимы, омонимдер, homonyms)

3. What is the capital of England? (London, Лондон, Лондон)

4. We can watch news, films and other interesting things in it. (Television, теледидар, телевизор)

5. The room where we sleep. (Bedroom, жатын бөлме, спальня)

6. Тілдің дыбыстық жағын зерттейтін тіл білімінің саласы. (Фонетика, фонетика, phonetics)

7. Как называется часть речи, которая обозначает признак предмета и отвечает на вопросы какой? чей? (Имя прилагательное, сын есім, adjectives)

8. How many letters are there in the English Alphabet? (Twenty six, жиырма алты, двадцать шесть)

9. What month is it now? (March, наурыз, март)

10. Who works at school? (Teacher, мұғалім, учитель)

11. Жалпы, жалқы, деректі, дерексіз болып бөлінетін сөз табы. (Зат есім, имя существительное, noun)

12. Разговор двух или нескольких лиц. (Диалог, диалог, dialogue)

13. How many oceans are there on our planet? (Four, төрт, четыре)

14. The antonym to the word «good». (Bad, жаман, плохой)

15. What colour is snow? (White, ақ, белый)

Жүргізуші: Ойынымыздың 2-кезе-

нінде оқушыларға жұмбақтар жасырылады, жауабын үш тілде айту керек. Бірінші қол көтерген оқушы жауап береді. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай.

In this stage our pupils should find the missed words in the riddles and have to translate them into Kazakh and Russian. For each right answer they'll receive of 1 point.

2-кезең «Полиглот»

Қазір мен мақал-мәтелдер оқимын, мақал-мәтелдердің бір сөзіне сұрақ қоямын, жауабын орыс, ағылшын тілдерінде беретін боласыздар.

1-топқа: Өнер алды қандай тіл? (Қызыл, красный, red)

2-топқа: Нені қызған кезде соқ? (Темір, железо, metal)

1-топқа: Сөз атасы – құлақ,
Жол атасы – тұяқ,

Не атасы – бұлақ? (Су, вода, water)

2-топқа: Жасында қылжың болсаң,
Өскенде кім боларсың? (Мылжың, болтун, talkative)

1-топқа: Ерлік бірлікте емес, неде? (Жүреkte, сердце, heart)

2-топқа: Не өткір? (Тіл, язык, language)

1-топқа: Ел іші қандай бесік? (Алтын, золото, gold)

2-топқа: Оқу – білім бұлағы, білім не шырағы? (Өмір, жизнь, life)

1-топқа: Жаңбыр жаумаса не жетім? (Жер, земля, earth)

2-топқа: Анаға қарап кім өсер? (Қыз, девочка, girl)

1-топқа: Не тас жарады, тас жармаса бас жарады? (Тіл, язык, language)

2-топқа: Балалы не мазар? (Үй, дом, house)

3-кезең «Сөздің мағынасын ашу». Екі топқа бірдей сөздер беріледі:

1. Skyscraper – небоскреб;
2. Life-belt – қауіпсіздік белдігі;
3. Wind and weather – ауа-райы келенсіздігі.

4-кезең «Ойлан, тап»

1) Логикалық сұрақ. Исламмен Иманғали жасырынбақ ойнады. Ислам кәрі еменнен 12 қадам солға, 5 қадам оңға жүрді, қайтадан 4 қадам солға, 11 қадам оңға жүрді. Ислам қайда тығылды?

Жауабы: Еменнің артына.

2) Логикалық сұрақ. Бала би қартайған шағында халқын жинап алып мынадай сұрақ қойыпты: Жерден ауыр деген не? Судан терең деген не? Оттан ыстық деген не? Көктен биік деген не?

Жиылған жұрт жауабын айта алмапты. Сонда Бала би өз сұрағына өзі қалай деп жауап беріпті?

Жауабы:

Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім,

Судан терең дегенім – оқу, ғылым.
Оттан ыстық дегенім – фәни, жалған, адам өмірі.

Көктен биік дегенім – тәкәппардың көңілі деген екен.

Жүргізуші:

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.

Жүргізуші: English is a world language. It's the language of progressive science and technology, trade and Cultural relations, commerce and business. English is spoken by more than 350 million people. Geographically, it's the most widespread language on earth.

Жүргізуші: Now it's time to say results of our competition, while our juries count your scores let's sing a song in three languages.

Жүргізуші: Осымен біздің бүгінгі сайысымыз аяқталды.

Thank you very much! Good bye!

Денсаулық – елдің байлығы

Сабактың мақсаты: балалардың, адамдардың қазіргі ауыр экологиялық жағдайда денсаулығын сақтап қана қоймай, санасы мен рухын жетілдіру үлкенді кішіні сыйлауға, ізеттілікке, инабаттылыққа, шын пейілімен қарияларға сәлемдесуге, кемтар адамдарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Дамытушылық мақсаты: топ алдында еркін сөйлеуге, дауыс ырғағын дұ-

рыс сақтауға, шешендікке тәрбиелеу.

Сабактың көрнекілігі: буклет, плакаттар, мақал-мәтелдер, денсаулық туралы кітапшалар.

Сабактың барысы:

1. Ұйымдастыру.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар!

Мемлекет басшының жарлығымен дамыған елу елдің қатарына ену мақсатында оқушыларды, салауатты өмір

салты бағытымен жас ұрпақты тәрбиелеуге оқушыларымыздың дайындаған «Денсаулық – елдің байлығы» деген сынып сағатын бастаймыз.

Баяндама «Тазалық – денсаулық кепілі!»

Адамның денсаулығы, еңбекке қабілетті болуы көбінесе үйдің таза болуына байланысты.

Гигиенаның міндеттері – ағзаның қалыпты дамуы, адамның дене және рухани күштерінің толық ашылуы, адамдардың жоғары өнімді еңбегі мен жақсы тұрмыс жағдайларын қамтамасыз ету.

Денсаулық – адамның дене және рухани қасиеттерінің жиынтығы, бұл қасиеттер адамның ұзақ өмір сүруімен қоғам игілігі үшін еңбек етуіне әсер етеді.

Ауырмаудың ең оңай жолы – арудың алдын алу. Денсаулықты күту. Ол үшін тағамдарды дұрыс пайдалану, таза жүру, денені шынықтыру, таза ауада серуендеу қажет. Міне, мұның бәрі денсаулыққа пайдалы. Құрметті ағайын, денсаулықты қадағалау сіз бен біздің қолымызда. Индетке қарсы бірлесе күресейік!

2. Сауықтыру.

1-оқушы: Сауықтыру сөзінің түбірін табайық. Сау. Бұл ұғым нені білдіреді?

2-оқушы: Адамның дені сау ауырмайды деген сөз.

1-оқушы: Ал енді мына мысалдарға көңіл аударайық:

Астында шетелдік машина, бірақ қатты ауырады? Ол адам бақытты ма?

2-оқушы: Жоқ.

1-оқушы: Миллион доллар ақшасы бар, бірақ ауырады. Ол адам бақытты ма?

2-оқушы: Жоқ.

1-оқушы: Себебі не?

2-оқушы: Себебі, оның денсаулығы жоқ.

1-оқушы: 3 үйі бар. Бірақ ауырады – ол адам ше?

2-оқушы: Жоқ.

1-оқушы: Сонда дүниедегі ең басты бақыт не екен?

2-оқушы: Денсаулық.

3. Қандай мақал білеміз?

1. Адам ішіп-жеу үшін ғана өмір сүрмейді.

2. Қуатымды сақтаймын десең – қарныңа ие бол.

3. Ішімдік адамды есірік қылады, ас-тағам қарын тойдырады.

4. Тірі адам ауырмай тұрмайды. Ауырғанның бәрі өле бермейді.

5. Тоя жеген тамақта у бар.

1-оқушы:

Суық судың несі айып?

Шынығайық халайық.

Кенестері айтылған,

Денсаулыққа лайық.

2-оқушы:

Бұрын біздер ауырсақ,

Дәрігер қарар жанын сап.

Дәріханаға барамыз,

Дәрі сатып аламыз.

3-оқушы:

Тойып ішсең қаншама,

Ауырасың соншама.

Асқазанды бүлдірсең,

Жазылмас қанша күн жүрсең.

4-оқушы:

Ал, халайық, халайық,

Табиғатқа қарайық.

Жер, су, ауа тазарса,

Пайдалы екен бұл аса,

4. Көрініс. «Жалқаудың арманы»

1-оқушы:

Анау бала қолын қара,
Кір қожалақ қап-қара.
Тырнақ өскен, шашы көптен,
Алынбапты-ау, масқара.
Кітап сия, беті сия,
Салақ екен оңбаған.
Мұндай бала
Тазалықты білмеген.

Жалқаудың сөзі:

Мұғалім сабақ сұрамаса,
Үйде інім жыламаса,
Сиыр суды іше салса,
Тамақ алға пісіп келе салса,
Отынды апам жара салса,
Нанға көкем бара салса!
Сонда қамсыз жатар едім,
Тәтті ұйқыға батар едім.

Жалқау ұйқыға кетіп армандайды.
Соңында бәрін түсініп жақсы оқушы болады.

5. «Тазалық – саулықтың негізі»

1. Жылы мезгілде таза суға көбірек шомыл.

2. Ала көлеңкеде, ымыртта кітап оқуға болмайды, көзге зиян келтіреді.

3. Тамақты асығып ішуге болмайды. Асығып ішкен тамақ ас болмайды.

4. Әр жексенбіде сағат 12-ден бастап табиғатта дем ал. Бұл сенің тәніңнің мейрамы. Осыдан кейін өзіңе ұнаған тағамыңды жей аласың.

6. Жарнама: «Дәрумендердің (витаминдердің) пайдасы»

1. Сәбіз құрамында А витамині көп. Көздің жақсы көруі, сүйектер мен теріні жақсартады;

2. Лимон, апельсин С витаминіне бай. Суықтап қалғаннан сақтайды.

3. Жұмыртқада Д витамині бар. Қанды жақсы жүргізеді.

7. «Ән шашу»**8. «Аурулардан сақтану жолдары»**

Бүгін бізге қонаққа келген дәрігерлер аурулардан сақтану жолдарын таныстырады.

(Дәрігер киімдерін киген қыздар шығып, салынған суреттер қаттамаларды пайдалана отырып түсіндіреді).

1. «Сары ауру»;

2. «Өкпе ауруы»;

3. «Йод жетіспеушілігі»;

4. «Кұтыру» ауруы;

5. «Тұмау» ауруы.

9. Көрініс. «Тістің зардабы».

(Тіс дәрігеріне тісі ауырған бала жылап кіреді. Тіс дәрігері көріп, баланы емдеп, қалай күту керектігі туралы кеңес береді)

10. «Өсімдіктер сыр шертеді».

Туған еліміздің дәрілік өсімдіктері мен экологиясы.

1-оқушы: (Жолжелкеннің суретін ұстап). Мен жолжелкенмін, көп жылдық өсімдікпін. Жол жиегінде өсемін. Емдік мақсатқа жапырағымды, тамырымды қолданады.

2-оқушы: (Қолына ошаған суретін ұстап тұрып). Мен ошағанмын, Бойым 1 метр. Бұтақтарым көп. Мені арам шөп дейді: Менің сәлім өкпе демікпесін емдейді.

3-оқушы: (Қолында жантақтың суреті бар), Мен жантақпын. Құмда өсемін мамыр, тамыз айларында гүлдеймін. Менің тұбам жөтелді басады. Басқа ауруларды да жазамын.

4-оқушы: (Қолында адыраспаны бар). Адыраспанның емдік қасиеті. Адыраспан – Орта Азия мен Қазақстанда өседі. Адыраспан шөбінен жасалынған дәріні ішумен бірге қайнатындысын ваннаға құйып булауға болады. Бұл шөптің қышыма, қотыр, те-

міреткінің барлық түріне емдік қасиеті зор.

11. «Жаттығу – жанның тынысы».

Ойын.

1-оқушы:

Мына мен тұра сала төсектен,
Жаттығамын, спортшы деп есепте.

Хормен:

Бір-екі-үш!

Бір-екі-үш!

Бұлшық етте, міне күш!

2-оқушы:

Терезенді аш, жасағанда жаттығу,
Қажет емес, қажет емес аптығу.

Хормен:

Бір-екі-үш!

Бір-екі-үш!

Бұлшық етте, міне күш!

3-оқушы:

Ептімін де елгезекпін кептерше,
Шалқаямын жерге желкем жеткен-

ше.

Хормен:

Бір-екі-үш!

Бір-екі-үш!

Бұлшық етте, міне күш!

4-оқушы:

Денем қызып, маңайдан тер будақ-
тап,

Аунақшимын, дөңгелеймін тұмақта.

Хормен:

Бір-екі-үш!

Бір-екі-үш!

Бұлшық етте, міне күш!

12. «Тілін білсең, тамақ та шипа».

(Суреттерді пайдалану)

1-оқушы: (Қойдың суреті бар). Қойдың сүті жылу мен әл-ауқатты арттырады, денедегі желді басады.

2-оқушы: (Қолында сиырдың суреті бар). Сиыр сүтінің несеп ауруларына пайдасы мол. Ойды үшқырлайды.

3-оқушы: (Қолында жылқының суреті бар). Жылқы сүті іріңді тоқтатады, бүйрек пен белді желден тазартады.

4-оқушы: (Қолында балықтың суреті бар). Балық еті – асқазан, жүрек ауруларына пайдалы, іріңді тияды, көзге де ем.

5-оқушы: (Қолында тауықтың суреті бар). Тауықтың еті – жарاقاتтарға ем болады.

«Сауысқан әні» орындалады.

13. «Шипагер атай». Көрініс.

(*Орман іші суреттер. Шипагер атай, қасында көмекшісі*).

Көмекші (медбике):

Атай, қараңыз мына бір сұмдықты,
Маймаққа не болған, кім оны қын-
жылтты?

Шипагер: Маймағым, не болды, жасымай айтшы өзің, неліктен көкпеңбек ісінген бас-көзің?

(*Аюдың басын таңып, дәрі жаққан болды*).

Аю: (*уілдеп, жыламсырайды*)

Айтайын жасырмай шынымды,
Сақтаңыз шыбындай жанымды.

Жармасып бал тасыр машина-қа-
даққа,

Домалап түстім де, тап болдым азап-
қа.

Шипагер:

Бір сәтке қарының толатын күн
үшін,

Жол жүру ереже тәртібін бұзыпсың.

Аю: Шипагер ата, енді қайтып ұрлық та жасамаспын, жолда жүру ережесін де бұзбаспын.

(*Түлкі мен қоян дауласып, Қоян құлағын Түлкі шойнаңдай ақсап келе жатады*)

Түлкі: Жүгіріп екеуміз ойнадық
қуыспақ.

Қоян: Ауладан шап беріп алмақшы қу ұстап.

Түлкі: Ал қоян көшеге зып беріп жөнелді.

Қоян: Аула тар болған соң қайтейін мен енді?

Түлкі:

Қоянды қуам деп тапқаным,
Құйрықты әрең деп сақтадым.

Қоян:

Машина астынан жүгіріп өткенде,
Құлақты бір темір зақымдап кеткені.

Шипагер:

Құлақ пен құйрықты жазатын дәрі бар,

Ереже бұзғанға қоятын екілік тағы бар.

Шипагер: (Басын шайқап) Мыналарды мен тез ауруханаға жеткізейін.

14. «Байқап жүр»

Түйдек-түйдек лекпен,
Машиналар ағады.

Бағдаршам ретпен,

Күні түні жанады.

Көшені кесіп өтерде,

Айдалаға карама.

Жүрме текке есінеп,

Өтер жермен тек қана

Көшені сен кесіп өт!

«*Үнді биі*» орындалады.

Бүгінгі күн – мереке,

Мереке әрі береке.

Шыныққандар бізбенен

Арамызда ер екен.

15. Кештің соңы.

Бастаушы: «Денсаулық – елдің байлығы» деген сынып сағаты аяқталды. Сіздерге денсаулық, бақыт, табыс тілейміз.

Гүлнар БАКИРОВА,

Алпамыс батыр атындағы

№40 көпсалалы гимназия

мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Шымкент қаласы.

Кітаппен басталып, жырмен жалғасқан өмір

Созақтан шыққан Сүмбіле мінезді бір қыз бар – өз болмысын жырмен өрнектеп, жүрегін өлеңге байлаған. Ол қайда барса да, жанында кітаптың иісі, парақтың сыбдыры бірге жүретін, руханиятқа адал перзент. Туған жердің топырағынан нәр алып, тұтас бір ұрпаққа рухани сәуле шашқан сол нәзік жанды ақын – Гүлнар Есіркепқызы. Оның ғұмыры – кітапқа тағзым, сөзге құрмет, елге қызмет етудің жарқын үлгісі іспетті. Әрине Созақ жұрты осы бір сыршыл жүректің 65

жылдық белесіне құрмет көрсетіп, рухани мерейін асырып отыр деп айтумызға болады.

Созақ топырағы тағы бір мәрте руханияттың алтын бесігіне айналып отыр. Созақ Аудандық орталық кітапхананың кең әрі жарық залында Теріскей елінің талантты перзенті, өлең мен өрнектің иесі, кітапхана саласына ғұмырын арнаған майталман маман, Қазақстан Журналистер және Жазушылар

одақтарының мүшесі Гүлнар Есіркепқызы Өмірбектің 65 жылдық мерейтойына арналған «Сүмбіле қыздың сырлы әлемі» атты рухани кеш салтанатпен өтті.

Бұл кеш – бір ғана шығармашылық иесін құрметтеу емес, тұтас өңірдің мәдени тынысын, өлеңге деген құрметін, руханиятқа деген сүйіспеншілігін паш еткен ерекше сәт болды.

Кеш шымылдығы ұлттық билердің әуезді қимылымен түрілді. Сахнаға шыққан жас бишілердің әсем қимылы залды бірден ерекше көңіл-күйге бөлеп, көрерменнің назарын руханият әлеміне жетелей түсті.

Көпшіліктің ыстық ықыласы аясында сахна төріне мерейтой иесі – нәзік болмысын жырмен өрген, жүрегін оқырманға арнаған Гүлнар Есіркепқызы шақырылды. Одан кейін ақынның балалық шағынан басталған ғұмыр жолын, кітапхана саласындағы табанды еңбегін, шығармашылық биіктерін көрсететін арнайы бейнебаян көрсетіліп, көрермен жүрегіне ерекше әсер қалдырды. Әрине бұл ұлттық әуенмен өрілген әсерлі ашылу бола білді.

Кештің ресми ашылу рәсімін Созақ ауданы әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызы ашып берген болатын. Ол ақынның аудан үшін сіңірген еңбегін биік бағалап, арнаулы құттықтау хатын табыстап, ибалылық-

тың нышаны – ақ орамалын жауып, шапан жауып құрмет көрсетті.

Бұл – Гүлнар Есіркепқызының ел алдындағы абыройы мен қадірін айғақтаған жарқын сәті болды.

Кеш жүргізушілері Балнұр Жұмабаева мен Айгерім Нұралықызы ақынның еңбек жолына кеңінен тоқталды.

Гүлнар Есіркепқызының 40 жылға жуық уақытын кітапхана саласына арнап, өңірдегі мәдени-ағартушылық бағыттағы жұмыстың дамуына өлшеусіз үлес қосқаны атап өтілді.

Зейнетке шыққаннан кейін де ол шығармашылық тынысын тоқтатпай, Сұлтанбек Қожанов атындағы тарихи-өлкетану музейінде еңбек етіп, туған жер руханиятына өз өрнегін қоса түсті. Әрине кітапхана ардагерінің шығармашылыққа толы ғұмыры мұнымен ғана тоқтап қалған жоқ.

Кештің ең жарқын сәттерінің бірі – ақынның жаңа кітабы «Ақәділ әлем» атты жинағын кітапхана қорына сыйға тарту рәсімі болды. Кітапхана директоры Нұржамал Әбілжанқызы жаңа жинақты қабыл ала отырып:

«Бұл кітап – оқырманға ұсынылған баға жетпес сый. Гүлнар апайдың қаламы ешқашан мұқалмай, рухани қазынамызды байыта берсін!» - деп ақ тілегін жеткізді.

Бұл сәт ақынның еңбегіне көрсетілген





ілттипаттың, әдеби мұраға деген құрметтің көрінісі бола білді. «Ақаділ әлем» – кітапхана төрінен өз бағасын, өз орнын алатынына сеніміміз мол.

Кітапхана саласына өз қолтанбасын қалдырды, артынан ерген шәкірттерін тәрбиелей білді деп толық сеніммен айта аламыз. Соның бірден бір дәлелі ақынның ұзақ жылдар бойы кітапханашылық жолында тәрбиелеген шәкірттері сахнаға көтеріліп, гүл шоғы мен жүрекжарды тілектерін ұсынды.

Шәкірттерінің бірі – Кенже Тастыбаева орындаған әсерлі ән кештің сәнін келтіріп, залды ерекше жылылыққа бөледі. Шәкірттерінің ыстық ықыласы әрине осы болмақ. Кештің көркін ақынның мерейін әрмен қарай аша түсті деп айта аламыз.

Кеш барысында балалар кітапханасының оқырмандары ақынның балаларға арналған жырларын жатқа оқып, сахнаны балалық пәктік пен поэзияның мөлдір әлеміне айналдырды.

Жергілікті жас ақындар, мектеп ұстаздары өз жүрегінен шыққан арнау жырларын оқып, кештің рухани деңгейін жаңа биікке көтерді. Әрине бұл кеш өлеңмен өрілген кеш деп айтсақ артық болмас.

Кешке өңірдің рухани өмірінде өз орны

бар тұлғалар қатысты.

Сахна төрінде:

- ҚР Мәдениет қайраткері, «Құлыншак Кемелұлы» бірлестігінің төрағасы Мыңжасар Асқарұлы,

- ақын, драматург Байділді Айдарбеков,

- Ыбырай Алтынсарин төсбелгісінің иегері Талғат Шаймерденов,

- Аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Гүлдана Шерниязқызы,

- ҚР Суретшілер одағының мүшесі, суретші Ақмарал Бейімбетқызы,

- Сұлтанбек Қожанов музейінің қызметкерлері өз құттықтауын жеткізіп, ақынның шығармашылық жолына ерекше баға берген болатын. Бұл зиялы қауымның ақ тілегі кештің көркін одан әрі аша түсті деп айта аламыз.

Ал «МЫҢЖЫЛҚЫ» мәдениет сарайының әншісі Мархаббат Бейсенова ақынның сөзіне жазылған бірнеше әнін орындап, кешті әуезбен әрледі.

Кеш соңында Гүлнар Есіркепқызы сахнаға шығып, өзінің оқырмандарына, әріптестеріне, шәкірттеріне шексіз ризашылығын білдірді. Оның: «Көзімді ашып көргенім – кітап», - деген бір ауыз сөзі бүкіл ғұмыр жолын айқындап тұрғандай әсер қалдыратыны анық. Бұл сөз – кітапқа, білімге, руханиятқа деген махаббатының айқын белгісі еді. Ақын осылайша жүрек лебізін білдіріп өз ризашылығын кешке атсалысқан кітапханашыларға, кеш қонақтарына және оқырмандарына білдірді.

Уақыт өз өрнегін салғанымен, адам жүрегіне сәуле құятын өнер мен өлең ешқашан жоғалмайды. Гүлнар Есіркепқызының поэзиясы да дәл солай – оқырманын ізгілік-

ке шақырып, рухын жаңғыртатын мөлдір арна. Сүмбіле жұлдызы секілді түнгі аспанды жарқырата білетін ақынның жолы, елге деген ыстық махаббаты мен адалдығы жас ұрпаққа өнеге болып қала бермек. Оның әрбір өлеңі – уақытпен сырласқан жүрек лебізі, әрбір еңбегі – туған жерге берілген шынайы махаббаттың айғағы. Руханиятқа қызмет еткен қадірменді қаламгердің мерейі үстем болып, шығармашылық ғұмыры әлі талай оқырман жүрегіне нұр құяры сөзсіз. Сүмбіле қыздың сырлы әлемі жалғаса

берсін, ал жырының жарығы ешқашан сөнбесін!

Созақтың аспанында сүмбіледей жарқыраған ақынның өнер жолы дәл осы кеште тағы бір мәрте бағаланып, өңір руханияты тарихына алтын әріппен жазылатыны анық.

Еркебұлан СЕРІКБАЙҰЛЫ,
Созақ аудандық кітапханасының
библиографы.
Түркістан облысы

Ауған жаңғырығы – ұрпаққа сабақ

Тарих беттерінде ел жадынан өшпейтін, жүрекке ауыр із қалдырған кезеңдер бар. Солардың бірі – Ауған соғысы. Осы бір күрделі де қасіретті жылдардың шындығын жас ұрпаққа жеткізу, ерлік пен батырлықты дәріптеу мақсатында Жайсан орта мектебінде «Ауған жаңғырығы – ұрпаққа сабақ» атты тағылымы мол, мазмұнды кездесу өткізілді.

Аталған рухани-танымдық шара АӘЖТД пәні оқытушы ұйымдастырушысы аға лейтенант Б. Қондыбаев пен аға тәлімгер А. Бекбергенованың ұйымдастыруымен өтті.

Мазмұнды кездесуге Ауған соғысының ардагерлері Жансейтов Әсет Турганевич, Джанысов Түйтебай Өркенбайұлы, Теңізбаев Марат Бескемпірұлы, мектеп директоры Е. Абуев, сондай-ақ мектеп әкімшілігі мен жоғары сынып оқушылары қатысты.

Іс-шара барысында ардагерлер Ауған жеріндегі әскери борыштарын өтеу кезеңіндегі бастан өткерген қиындықтары, жауынгерлер арасындағы бірлік пен достық, ерлік пен төзімділік жайында жанжақты әңгімеледі. Олардың шынайы естеліктері жас ұрпақтың жүрегіне жол тауып, бейбіт өмірдің бағасын терең сезінуге жетеледі.

Ардагерлер өз сөздерінде Отанға деген адалдық, елге қызмет ету, тәртіп пен жауапкершілік сынды азаматтық құндылықтардың маңызын ерекше атап өтті. Соғыс – адамзатқа қайғы әкелетін қасірет екенін айта отырып, бүгінгі тыныш өмірді көздің қарашығындай сақтау әр азаматтың парызы екенін жеткізді.

Кездесу еркін форматта өтіп, оқушылар қонақтарға түрлі сұрақтар қойды. Ардагерлер әр сұраққа өмірлік тәжірибелеріне сүйене отырып, мазмұнды жауап



берді. Бұл өз кезегінде жасөспірімдердің тарихи танымын кеңейтіп, елжандылық сезімін арттырды.

Білім алушылар Ауған соғысына арналған өлеңдер оқып, әскери-патриоттық әндерді орындады. Әдеби-музыкалық композициялар кездесудің рухани әсерін күшейтіп, көпшілікке ерекше көңіл күй сыйлады. Кездесу соңында директордың тәрбие ісінің орынбасары С. Умбетова қонақтарға алғыс айтып, ел тыныштығы жолындағы ерен еңбектері үшін ризашылық білдірді. Ардагерлер жас ұрпаққа бейбіт өмірдің қадірін білуге, білім алуға, туған елге адал қызмет етуге үндеу тастады.

«Ауған жаңғырығы – ұрпаққа сабақ» атты кездесу – өткенге тағзым жасап, болашаққа бағдар берген тағылымды шара ретінде өз ізін қалдырды. Мұндай кездесулер жастардың бойында патриоттық рухты қалыптастырып, ел тарихына деген құрметті арттыра беретіні сөзсіз.

**Мадина Алдабергеновна
ДАУЛЕТКАЗИНА,
Жайсан орта мектебінің
ұйымдастырушы педагогы.
Жайсан ауылы,
Шу ауданы,
Жамбыл облысы.**

Ырғыз туралы толғау

Ырғыз – республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесіне енгізілген мекен. Сонымен бірге, 296 мың га жерді алып жатқан Торғай зоологиялық аумағының территориясы да бекітіліп берілген. Мұнда құстардың 250 түрі, оның 32 түрі елімізде сирек кездесетін құстар ретінде Қызыл кітапқа енген.

Ырғыз – тарих жәдігері. Ырғыз өңірінде көрікті жерлер көп. Шағаласы шулап, балығы тулаған өзен-көлдері бар бұл өлкенің табиғатына өзгелер таңырқай қарайды. Бір ғана Байтақ көлдің өзінен қоқиқаз, қызғылт бірқазан, сыбырлақ аққу, құтан, қасқалдақ, саз құладыны, қызылтұмсықты сүңгуір, көк сүңгуір, жалбай, өзен қарқылдағы сияқты құстарды

кезiктiруге болады. Ырғыз өңiрiнде 30 мыңнан астам ақбөкен бар. Ал, бөкеннiң мүйiзiнен пантакрин дәрiсiн дайындайтыны белгiлi. Ол өкпе қабынуына, жүрек ауруына ем. Жалпы, Ырғыз ауданы – табиғи қорықтары бар, мал шаруашылығы басым дамыған аудандық аймақ. Ырғыз топырағында Ұ. Құлымбетов, Т. Жүргенов, Т. Жаманмұрынов, т.б. да белгiлi мемлекеттiк қайраткерлер дүниеге келген, жазушылар Ө. Қанахин, Ү. Уайдин, белгiлi ғалымдар Ә. Сәрсенов осы жерде туған тұлғалар. Осындай тарихы кең өлке – ол Ырғыз ауданы.

№2 А.С. Пушкин атындағы қалалық кiтапханада «Шежiрелi өлке» жоба аясында Ырғыз аудандық орталықтандырылған кiтапханасымен бiрлесе отырып, «Ырғыз туралы толғау» атты өлке танушы, ақын Серғали Қоблашовпен сұхбат өттi. Шараның мақсаты Ақтөбе облысына қарасты аудандар туралы деректер жинап, сол жердiң тарихы мен киелi жерлерiмен, ақын жазушылар мен атақты тұлғалары туралы ақпарат жинақтап, оқырмандарға насихаттау.

Шараға Ырғыз ауданынан өлке танушы, ақын Серғали Қоблашов, Ақтөбе жоғары политехникалық колледж директоры техника ғылымдарының кандидаты, доцент Муханбетпайзова Жеңiскүл Сағидоллақызы, Ырғыз аудандық орталықтандырылған кiтапхана жүйесiнiң директоры Таубатыров Альбек, аудандық кiтапхана қызметкерлерi Гүлсима Амангелдiқызы, кiтапханашы Ақнұр Үйсiңқызы шақырылды. Шара барысында ақын өлке танушы Серғали Қоблашов өзiнiң алғашқы өлеңдерi, ауданның киелi жерлерi мен өзiнiң жазған «Таңғажайып Ырғыз толғауы», «Ауылым менiң көңiлiмнiң айнасы» кiтаптары туралы айтып, жақын арада сиясы кеппеген «Бесiндегi беймаза

ой» кiтабын кiтапханаға сыйға тарту еттi. Ырғыз ауданының кiтапхана қызметкерлерi Гүлсима Амангелдiқызы, ақынның тағы бiр сыры мен қыры бар екенiң ауласында ағаш үйi құрылғаны көне көзден қалған жәдiгерлермен толықтырғаны туралы слайд көрсетiп, ақын өз қолымен қамшы тоқитыны туралы әңгiмелеп бердi. Кiтапханашы Ақнұр Үйсiңқызы «Өлке тарихы – ұлттың рухани байлығы» атты көрмеге шолу жасап, ақынның өлеңдерi газет беттерiне шығып тұратынын айтып таныстырып, оқырмандарға жадынама таратылды. Ырғыз аудандық орталықтандырылған кiтапхана жүйесiнiң директоры Таубатыров Альбек сөз сөйлеп, ақын Мейiрхан Ақдәулетов ол кiсiнi «Дала Гомерi» деп атап, кiтапханаға ақынның шығарған «Кiтапхана қазынам» өлеңiн оқып тарту еттi. Ақтөбе жоғары политехникалық колледж директоры техника ғылымдарының кандидаты, доцент Муханбетпайзова Жеңiскүл Сағидоллақызы қатысып Ырғыз елiнiң тумасы екенiң айта кетiп, өлкенiң балалық шағы сол жер екенi, сол елдiң тарихын, көлдерi мен табиғаты туралы әңгiмесiң айтты. Шараға жоғары политехникалық колледж бен АЛТ колледж студенттерi қатысты, кiтапхананың тұрақты оқырмандары ақынның өлең жолдарың оқып, сұрақтар қойып, Нұрғиса Тiлендиевтiң «Аққу» мен Құрманғазы Сағырбайұлының «Адай» күйiн АЖП колледж 2 курс студенттi Рахимов Нұрғиза әсерлi орындап бердi. Шара үлкен деңгейде өттi.

Жанар Казбеқызы
НУРЫМГЕРЕЕВА,
№2 А.С. Пушкин атындағы қалалық
кiтапхана
менгерушiсi.
Ақтөбе қаласы

MUQAĞALI. LIVE

Ақтөбе қаласындағы қалалық балалар кітапханасының оқу залында «Book zone» креативті алаңдар жобасы аясында қазақ поэзиясының классигі Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «MUQAĞALI. LIVE» атты поэзиялық кеші ұйымдастырылды. Рухани-мәдени шараның басты мақсаты – ақынның бай әдеби мұрасын кеңінен насихаттау, өскелең ұрпақтың поэзияға деген қызығушылығын арттыру және жас оқырмандарды көркем сөз арқылы тәрбиелеу болды. Іс-шара барысында ақынның өмір жолы мен шығармашылығын қамтыған бейнеролик көрсетіліп, көрермендер Мұқағали Мақатаевтың өнегелі ғұмыры мен шығармашылық әлеміне терең бойлады. Поэзия кешінде оқырмандар ақынның жүрек тербейтін өлеңдерін жатқа оқып, оның шығармаларындағы терең философиялық ойды, адамгершілік пен отансүйгіштік тақырыптарын әсерлі түрде жеткізді. Сонымен қатар, Мұқағали сөзіне жазылған әндер орындалып, ақын шығармалары негізінде қойылған сахналық көріністер кештің мазмұнын байытып, көркемдік деңгейін арттыра түсті. Іс-шараға арнайы қатысқан құрметті қонақтар – №33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің бастауыш бөлімінің басшысы Гүлшахат Махсотқызы мен «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Гүлнар Нохымқызы кешке жиналған оқырмандарды Мұқағали Мақатаевтың мерейтойымен құттықтап, поэзия кешінің тәрбиелік және рухани маңызына тоқталды. Олар ақын шығармашылығының жас ұрпақ санасында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлін атап өтті. Поэзиялық кешке серіктес ретінде

«Рауан» көпсалалы колледжінің оқырмандары белсенді қатысып, әдеби кештің мазмұнын байыта түсті. Сонымен қатар, серіктес №33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің мектепалды даярлық 0 «а», 0 «ә» сынып оқушылары ата-аналарымен және жетекшісі Ақмарал Ермекбаевамен бірлескен іс шарамызға бірге қатысып, поэзияға деген қызығушылықтарын көрсетті.

Мұрат Айбибі «Отан» өлеңін, Мырзағалиева Амира, Маңғытай Ақылжан анасымен «Ана мен бала» әнін, Кальжанова Наргиз «Сәби ана», «Бауыржан ағаға» өлеңдерін Ахметияр Назар, Ахметияр Омар «Арманым тіріл көз ілген», «Үш бақытым» Адилхан Айару «Ырзамын», Сепова Айла, Жайхнов Дулат, Көзайым және Айрис Киниятовалар әкесімен, Әкімов Дінмұхаммед, Ватихан Айюб, Мұратұлы Мұстафа, Болат Мағажан, Әділбек Айназ және әжесі Майра Сәтбаева ақиық ақынның шығармаларын оқып, әндерін шырқады. Шара соңында ұйымдастырушылар Мұқағали Мақатаев шығармашылығы – ұлттық әдебиетіміздің баға жетпес қазынасы екенін атап өтті. Кітапханашы Аяжан Біршілік кітап көрмесіне шолу жасап таныстырды. Мұндай рухани іс-шаралардың жас оқырмандардың әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыруда маңызды рөл атқаратынын жеткізді. Поэзиялық кеш көрермендерге ерекше әсер қалдырып, жоғары деңгейде өтті.

**Ақжібек Шындәулетқызы
КЕНШИНБАЕВА,
№5 Ақтөбе қалалық балалар
кітапханасының меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.**

Ақтөбе қаласындағы қалалық балалар кітапханасының оқу залында «Book zone» креативті алаңдар жобасы аясында қазақ поэзиясының классигі Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «MUQAGALI. LIVE» атты поэзиялық кеші



Индекс 75489

